

8(01)(092)
(574)

З 93




МУХТАР ЭУЕЗОВ

**ҰСЫНЫЛАТЫН ӘДЕБИЕТТЕР
КӨРСЕТКІШІ**

МУХТАР АУЭЗОВ

**РЕКОМЕНДАТЕЛЬНЫЙ
УКАЗАТЕЛЬ ЛИТЕРАТУРЫ**



ҚАЗАҚ ССР-ның А. С. ПУШКИН АТЫНДАҒЫ МЕМЛЕКЕТТІК
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ КІТАПХАНАСЫ

ГОСУДАРСТВЕННАЯ РЕСПУБЛИКАНСКАЯ БИБЛИОТЕКА
КАЗАХСКОЙ ССР ИМ. А. С. ПУШКИНА

МУХТАР ӘУЕЗОВ

ҰСЫНЫЛАТЫН ӘДЕБИЕТТЕР КӨРСЕТКІШІ

МУХТАР АУЭЗОВ

РЕКОМЕНДАТЕЛЬНЫЙ УКАЗАТЕЛЬ ЛИТЕРАТУРЫ

«ҚАЗАҚСТАН» БАСПАСЫ — ИЗДАТЕЛЬСТВО «КАЗАХСТАН»

Алматы — 1968 — Алма-Ата

У 735.113.40 + У 735.478.90

016:8 Каз+8 Каз(01)
Ә 82

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ АЛМАТЫ АЯҚАЛМАҚ АКАДЕМИЯСЫ
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ АЛМАТЫ АЯҚАЛМАҚ АКАДЕМИЯСЫ
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ АЛМАТЫ АЯҚАЛМАҚ АКАДЕМИЯСЫ

МУХТАР ӘУЕЗОВ

Құрастырушылар:

*Т. Кененова, Б. Нүсіпбекова, Ф. И. Эльконина,
А. А. Кобычева.*

МУХТАР ӘУЕЗОВ

Составители:

*Т. Кененова, Б. Нусупбекова, Ф. И. Эльконина,
А. А. Кобычева.*



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ АЛМАТЫ АЯҚАЛМАҚ АКАДЕМИЯСЫ

Гос. Респ. б-ны Алматы қ-ы КазССР
И.М. А. С. А
Метод. б-ны



МҰХТАР ӘУЕЗОВ

ҰСЫНЫЛАТЫН ӘДЕБИЕТТЕР КӨРСЕТҚІШІ

І-БӨЛІМ

(Қазақ тілінде)

MUSTAP BUREAU

THE NATIONAL BUREAU OF INVESTIGATION

WASHINGTON

DEPARTMENT OF JUSTICE

ҚҰРАСТЫРУШЫЛАР ДАҢ

1967 жылдың сентябрь айында аса көрнекті совет жазушысы, ғалым және қоғам қайраткері Мұхтар Омарханұлы Әуезовтың туғанына 70 жыл толды.

Қазақ халқы үшін, совет жұртшылығы үшін және бүкіл дүние жүзінің прогресшіл адамдары үшін аса құрметті бұл датаны атап өту мақсатымен Қазақ ССР-ның А. С. Пушкин атындағы Мемлекеттік кітапханасы Мұхтар Омарханұлының шығармалары мен өміріне және әдеби, ғылыми, қоғамдық қызметіне арналған әдебиеттер көрсеткішін құрастырып отыр. Көпшілік оқырмандар қауымын ұлы жазушының мол творчестволық мұраларымен таныстыруға бағытталған бұл ұсынылатын әдебиеттер көрсеткішіне соңғы 15 жыл ішінде шыққан кітаптар, орталық газеттер мен журнал материалдары, жиһақтарда басылған материалдар іріктеліп алынған. Көрсеткіш қазақ және орыс тілдерінде. Бұлардың әрқайсысындағы әдебиеттер үлкен екі бөлімге жіктелген: I-бөлім: М. О. Әуезовтың шығармалары, II-бөлім: М. О. Әуезовтың өмірі мен қызметі жайындағы материалдар.

М. Әуезов шығармалары көрсеткіште жан-жақты қамтылып, ең алдымен таңдамалы шығармаларының алты томдығы беріліп, қалғандары жанрлар бойынша: романдар, повестер мен әңгімелер, очерктер, пьесалар, әдеби-сын, зерттеулер, публицистикалық мақалалар мен сөйлеген сөздер, хаттар мен аудармалар деген бөлімдерге бөлінеді. Ал, өмірі мен творчасы туралы бөлімінде шолу түріндегі материалдар мен естеліктер жеке алынып, творчестволық қызметі туралы әдебиеттер, оның ішінде «Абай» эпопеясы мен «Өскен өркен» романы жайында жазылған әдеби-сын, зерттеу мақалалар бөлек берілді. Бұл бөлімнің ішіндегі материалдар маңызына және жазушы творчасының жан-жақты толық қамтылуына

байланысты орналасқан. Атап айтқанда, алдымен М. Әуезов творчествосы туралы зерттеу және шолу материалдары берілсе, одан кейін жазушының қоғамдық, ұстаздық еңбегін көрсететін және оның шығармаларының жеке жанрлары бойынша жазылған мақалалар орналасқан. Бұлардың арасы жұлдыз тәріздес баспа белгісімен бөлінеді. Сонымен қатар М. О. Әуезов творчествосының қазақ театр өнерінің дамуында алатын орнын көрсететін материалдар. М. Әуезовтың қайтыс болуы және оны мәңгі есте қалдыру, қазақ ақындарының М. Әуезовке арналған өлеңдер, туысқан республикалар және шетелдер жазушылары М. Әуезов туралы деген бөлімдер бар. Әр бөлімдегі материалдар қысқаша мазмұндалды.

М. Әуезовтың 1950 жылы өз қолымен жазған өмірбаяны оның қазіргі әдеби-мемориалдық музей-үйі материалдарынан алынып басылды.

Ұсынылатын әдебиеттер көрсеткішіне М. Әуезов шығармаларын және библиографияға енген авторлар есімін алфавиттік ретпен номерлеп көрсететін қосымша көрсеткіштер жасалды. Бұлар оқырмандардың библиографиялық құралды пайдалануын жеңілдетеді.

Көрсеткіш М. Әуезов творчествосымен тереңірек таныққысы келетін көпшілік оқырмандар қауымына, студенттер мен мұғалімдерге және кітапхана қызметкерлеріне арналған.

Ұсынылатын әдебиеттер библиографиясы негізінен А. С. Пушкин атындағы Мемлекеттік кітапхананың каталогтары мен картотекалары бойынша жасалды. Бұған қосымша Қазақ ССР кітап палатасының «Баспасөз шежіресі» мен 1958 жылы шыққан «Қазақстанның көркем әдебиеті (1946—1957)» деген және М. Бөжеевтің «Мұхтар Әуезов» атты 1966 жылы «Мектеп» баспасынан шыққан библиографиялық құралдары пайдаланылды.

Көрсеткішті қазақ тілінде құрастырғандар: Т. Кененова мен Б. Нүсіпбекова, орыс тілінде құрастырған: Ф. И. Эльконина, библиографиялық редакциясын қарағандар: А. А. Кабышева мен Б. Нүсіпбекова.

Көрсеткіш туралы пікірлеріңізді А. С. Пушкин атындағы Мемлекеттік кітапхана атына жіберулеріңізге болады.

МЕНИҢ ӨМИРБАЯНЫМ

Мен 1897 жылдың 28 сентябрінде Семей облысы, Шыңғыс болысындағы Әуезов Омархан деген кісінің семьясында туыппын. Социалистік Ұлы Октябрь революциясына дейін ұлан-байтақ қазақ даласы, оны мекен еткен халық тек әкімшілік жағынан (үйез, болыс) ғана бөлініп қоймай, ру-руға да жіктелген ғой. Менің аталарым XIX ғасырдың бас кезінде Орта Азия жақтан кеп, Тобықты руына сіңіп кетіпті. Бұл — кәдімгі менің романымың қаһарманы Абай Құнанбаевтың руы.

Балалық шағым ауылда өтті. Қара тани бастағаным да со кез. Немерелерін атамыз Әуездің өзі оқытатын (кейін фамилиям да со кісінің есімімен аталып кетті).

Бес-алты жасар кезім. Бір күні кешкісін ас алдында атам мені қасына шақырып алды. Оқуға жараған-жарамағанымды сынамақ екен «Р» дыбысы бар сөздерді айтқыза бастады. Бұл дыбысқа тілің келмей тұрып, қара танымын дегенді ойыңа да алмайсың. Оны айта алмаған баланың тілін бұрайды молда. Өйткені, ең алғашқы сабақ құранның «Бісмилләһи рахман иррахим...» деген сөздерін жаттаудан басталады. «Қасиетті» сөзге тіл келмей жатса, оған қай молда шыдар. Атамның көңілі онша толмады-ау деймін, келесі күні тағы да алды қасына.

Әлі күнге есімде. Көктемнің тамылжыған, ашық күні. Таңертең болатын. Қыстаудың алдындағы көгалда бұзаулар шапқылап, қозылар асыр сап жүр. Балаға одан қызық не бар! Ал аспанда әжем айтқан ертегідей ақ қапатты перілердей боп, күн нұрына шағылып аққулар тізіліп ұшып барады. Сыңқыл қаққан үндері сонау шыр-

қау биіктен талып қана естіледі. Қөктем күнінің осынау кереметі ұзаққа созылмай, ғайып болады: атамыздың тап-тар, аласа үйіне шақырады бізді. Қолындағы қалың қолжазбаны көргенде неге шақырғанын біле қоям. Бұрынғыдан бетер ренжимін. Атам маған кітаптағы араб әріптерін көрсете бастайды. Айтуға бір оңайы болса ше, бірінен бірі өткен қиын...

Бұл кітап — Абай өлеңдерінің жинағы. Абаймен дос болған әрі ақын талантына таңырқап ден қоюмен өткен Әуез оның өлеңдерін кітап қып көшіріп алады да, бізге сол арқылы қара танытпақ болады. Немерелері ұлы ақынның өлеңдерін жақсы көріп өссін деп те ойлайды.

Атамыз бізді өзінше оқытатын. Бұл оның өзіне оңайырақ соққан болар. Ал шәкірт байғұстың көз жасы тимей-тимей кетуші еді. Аздап қара таныған соң өлеңнің бірінен соң бірін жаттадым. Өлеңдер бір түрлі ұзақ түсініксіз. Ара-арасында: Пушкин, Лермонтов, Крылов, Татьяна мен Онегин тәрізді бұрын құлақ естімеген, оқшау, өзгеше есімдер ұшырасып қалады. Молдаға ұқсап атамыз бізге таң атқаннан күн батқанға дейін кітаптан бас алғызбайтын. Ал күні бойы жаттағанмызды кешкісін атамыз бен әжемізге айтып береміз. Қөктемнің арайлы күні мен үшін күнгірт тартып кеткендей болады. Қошақандарды да талай күндер бойына көру жоқ. Татьяна жүрегінің шерін шерткен Абай кітабының беттері тағдырға жазған басқа бір шерменденің көз жасына боялады. Бірақ өз дегенінен қайтар ата жоқ. Өлеңі құрғырды дамылсыз жаттай беріп кіп-кішкентай немерем көк мый боп кетпесе не ғылсын деп, түйткілденген балажан әже ара түсіп көріп еді, одан да түк өнбеді. Он бір жасқа келгенде әкеден айрылдым да, мені Қасымбек ағай өз қолына алды. Ол кісі жас кезінде Кемалетдин хазіреттің теріс бата бергеніне қарамастан, мұсылман медресесін тастап, орыс мектебіне ауысады. Сол ағай мені де Семейдегі бес кластық қалалық училищеге түсірді. Шыңғыс болысынан тағайындалған стипендияны алып тұрдым.

Орыс мектебінде тілмаштар, әкімшілік аппараттын кіші-гірім қызметкерлерін даярлау мақсатымен патша үкіметі қыр қазақтарынан стипендия үшін қажет қаржы жинайтын. Бірақ өз балаларын мектепке беруге қазақтардың онша ықласы болмайтын. Патриархалдық-рулық сарқыншақтар, молдалардың ғайбат-өсегі орыс мек-

тебіне сенбеушілік рухын тарататын. Сондықтан да көп адамдар орыс мектебі қазақ балаларын шоқындыру үшін ғана ашылған деп ойлайтын. Соның салдарынан уез бастықтары болып басына екі баладан беруді салық қып салушы еді. Тіпті кейде болыстар балаларын бермек болған кісілерге ақы төлейтін. Орыс мектебіне деген қатнас осындай болғанда балалары мен немерелерінің орыс мектебінде оқуына рұқсат еткен атамыз ақсақалдар мен ру басыларының айыптап, ажуалап айтқан сөздеріне ұшырамағанда қайтсін. Жазда ауылға келгенімізде оқушы киімін киген біздерге қарап тұрып олар ашу шақырып, бастарын қайта-қайта шайқап, осы «кеселдің» бәрі Абай әсерлес «бұзылғандықтың» белгісі десетін. Олардың сөзінің «жаны» да бар болар. Өйткені, ұлы ақын орысша білім алуға өзінің өлендері мен философиялық толғаныстарында ғана үндеп қойған жоқ, сонымен бірге өз балаларын да орыс мектебінде оқытты.

Дем алысқа келгенде қала өмірі мен сахара тіршілігінің қым-қиғаш қайшылығын байқаушы ек. Соның арқасында көшпелі феодализмнің қалдықтары, қалыңмал, көп әйел алушылық, құн төлеу, халықтың титығына жеткен дау-дамайы, барымта-сырымтасы, талау-тонауы көп ру тартысы тәрізді патриархалдық ескі масқара ғұрыптар тайға таңба басқандай боп көрінетін. Самарқау сахараның осынау күйлі салтының күшті болғаны соншалық — тіпті Қазақстанда Совет өкіметі орнағаннан кейін де қалың қауымның әдет-ғұрып пен шариғаттың қырсау тәртіптерінен айрылмау үшін жан таласа арпалысқан байлармен, жартылай феодалдармен шайқасуына тура келді.

Семейдің мұғалімдер семинариясын 1919 жылдың бас кезінде бітірдім де, Семей облысында Совет өкіметі орнаған соң қоғамдық қызметке араластым. Алғаш Семейдің облыстық атқару комитетінде, одан соң Орынборда Қаз. Цикта қызмет істедім. Сол кезде драматургия мен журналистикада өз қаламымның күшін де байқап жүрдім. 1922 жылдың күзінде Ташкенттегі Орта Азия мемлекеттік университетіне еркін тыңдаушы боп түстім. «Шолпан» журналымен байланыс жасап, сонда ескі қазақ аулының бүліншілік-тұрмысы мен әлеуметтік құрылысының сиықсыздығын суреттеген бірнеше әңгіме бастырдым.

Бір жыл өткен соң Ленинград мемлекеттік университетінің филология бөліміне түстім. Сонда 1928 жылға дейін оқыдым. Содан кейін Ташкенттегі Орта Азия мемлекеттік университеті Шығыс факультеті жанындағы аспирантураға түстім.

Ол кезде қазақ театрында «Бәйбіше-тоқал», «Еңлік-Кебек» және басқа да пьесаларым қойылып жүрді, әңгімелерім мен повестерім журналдарда әрі жеке-жеке кітап түрінде басылып тұрды.

Мен Қазақстандағы социалистік құрылыстың әр кезеңін көрсететін жиырмадан астам пьеса, бірталай әңгіме мен повесть жаздым. Соңғы жиырма жылды қазақ әдебиетінің классигі Абай жайындағы романға арнадым.

Ойға алған романды жазбас бұрын ақынның творчествосы және өмірбаянын зерттеумен шұғылдандым. Абай шығармаларының толық жинағына редактор болдым, оның өмірбаянын жаздым, ақын мен оның дәуіріне байланысты тарихи материалдарды жинадым, қазақ халқы мәдениетінің тарихын аса жетік білетін орыс жазушысы, менің досым Леонид Соболевпен бірлесіп ақын өмірінің соңғы жылдарын бейнелейтін «Абай» трагедиясын жаздым.

Абай жайында материалдар жинағанда тарихи романдар авторларының талайы-ақ біле бермейтін өзгеше бір жәйттерге тап болдым. Өйткені, Абайдың өмірі мен еңбегі тұр-түсі мен сипаты жайында қағазға түскен немесе жарияланған бірден-бір дерек, өзінің жеке архивы мен күнделігі, хаттары мен мемуарлары, тіпті замандастарының ақын жайында хатқа түскен естеліктері сақталмаған. Ақынның өміріне байланысты деректер мен романның бүкіл оқиғаларын Абайды көзімен көрген, жақын білген жандардан ұзақ уақыт бойына ауызба-ауыз сұрау, әңгімелесу арқылы жинауға тура келді. Олардың көбі кәрілік меңзеген шалдар еді. Сондықтан олар өткен күндердің белгісін де, адамдардың бейнесі мен сөйлесу мәнерін де, оқиғаларды да ұмытыңқырап қалған. Абайдың шәкірті Көкбаймен де әңгімелестім. Ақынның ең жақын достарының ішінен біздің заманымызға дейін көзі тірі жеткен сол ғана болатын. Көкбай 1927 жылы қайтыс болды. Ол Абайдан аттай он алты жас кіші еді. Сондықтан ақынның жастық шағы жайында ештеңе айта алмады.

Роман жазам деген ойда жоқ, шәкірт кезімде атам Әуездің әңгімелерін тапжылмай, ұзақ тындайтын едім. Ол Абайдан біраз жас үлкев еді. Қуианбай жайын да жақсы білетін. Абайдың алғашқы әйелі Ділданы да сол жылдары көрдім. Мосқал тартып қалған болатын. Абайдан соң он жылдан кейін барып дүние салған, оның айнымас азбас жары Әйгерім небір қымбат жәйттерді әңгімелеп берді.

Материал жинай жүріп, мен Абайдың достарымен, сыйластарымен, бұрын қастық жасаған жауларымен де әңгімелесіп көрдім. Олардың ішінде Абайдың тұрғыластары да; солардың ұрпақтары да бар еді. Соншама ізденудің арқасында болашақ қаһарманым жайында аса көп материалдар жинағаным соншалық — Горькийдің: «Үндемей қалуға ықтиярың жоқ нәрсе жайында ғана жаз» — деген ұлы өсиетін іштей қайталап айта беруден танғаным жоқ. Тіпті қазір Абайдың балалық және жастық шағы жайындағы роман тамам болған соң да сол кітапқа кірмей қалған материалым мейлінше көп екенін көрдім. Соған иек арта отырып қаһарманымның өмір жолының сол кездері жайында тіпті тағы бір кітап жазуға болар еді. Материалдың молдығы менің еңбегімнің сәтті боп шығуына аса көп септігін тигізді.

Бірақ материал жинауда талай-талай қиындық та болды. Өзіммен әңгімелескен қарттардың көп нәрсені ұмытып қалған көкірегінен өткен күннің сырларын ұғуға, оқуға тура келді. Абайдың әралуан замандастарының айтқандарын салыстыра отырып, көп нәрсені өз ойыммен топшыладым. Алдақашан бел асып кеткен қәштің жұртына кешігіп жеткен жолаушы жылтыраған бір қызғылт шоқ тауып ап, тұтатпақ боп үрлемей ме — жаңағы естеліктерді шашау шығармай сақтаған менің халім де сондай еді. Сөйтіп, мен қарт адамдардың көмескі жадында ұмыт болған көп нәрселерді қайта ойлатып, айтқызып алдым. Алпыстағы Әйгерімнің әжімді бетіне қарап, оның бір кезде Абайды ынтықтырған жас шырайлы сұлу жүзін көз алдыма елестетуім де солай еді.

Бірақ социалистік реализм әдісі, өткенге соншалық көзқарас, орыс классиктерінің реалистік ұлы дәстүрлері сияқты, совет жазушыларының бұлжымас тірегі мені талай-талай тығырықтан алып шықты. Өзінің өлмес-өшпес шығармаларымен Абай да аз көмектескен жоқ маған.

Ақын тұлғасын қайта жасай отырып, мен халқымыздың тарихындағы оның орны, өткендегі прогресшілдік ролі туралы ғана толғанып қойғам жоқ, оны біздің заманмен, совет ұрпағымен табыстыратын азбас арман асыл мұрат жайында да ойландым. Өткен дәуірде өмір кешкен ақынның тіршілігімен, қызметімен кейінгі тарих үшін ұмытылмас әрі қымбат жәйттерді ғана алдым. Бұлай еткенде мен өз халқымның Абай кезінен бастап қоғамды социалистік жолмен қайта құрғанға дейінгі тарихи сапарын есімнен әсте шығарғам жоқ. Өткендегі прогресшіл және революцияшыл қайраткерлердің асыл мұраттары Ұлы Октябрь революциясы арқылы молыға түсіп, жүзеге асуда.

Бірте-бірте өз халқының көкірек көзі болған Абаймен бірге мен де сол халықтың жан-жүрегін ұғуға және соны бар абзал қалпында ашып беруге, жайып салуға тырыстым. Жас Абайдың жалын атқан сезімі, жігіт ағасы болған Абайдың толғаулы ойлары мен әрекеті, кәрілік меңдеген шақтағы халық қамқоры, халық ұстазы болған Абайдың тартысы мен тақсіреті — міне осының бәрі сол дәуірдегі халықтың да жаны мен жүрегін ұғуға бастайтын жол еді.

Халықтың көрер көзі, лүпіл қаққан жүрегі, дана ойы болған Абай менің ұғынуымда да халықтың қажырлы талабы мен асқақ ой-сезімінің, жан-жүрегіннің, оның бойындағы ең абзал қасиетінің жинағы болып табылады.

Абай бейнесіне мен осындай ойлармен ден қойып ем.

«Абай» романының қос кітабы ақын және оның дәуірі туралы романдардың ішіне енеді.

«Абай» — осы серияның бірінші романы. Одан кейін «Абай жолы» романының қос кітабы келеді.

Ал қазір мен өз елім тарихының социалистік кезеңі жайындағы романдар тобын бастайтын жаңа кітап жазу үстіндемін.

Бұл серияда тарихи роман қазіргі заман туралы романға ұласатын болады. Бір кезде ақын арман еткен, буылдыр да күңгірт күйде елестете алған жәйттер қазіргі күннің, адам баласының тарихындағы аса ұлы дәуіріміздің ғажайып әрі ақиқат шындығына айалады.

Жазушылық жұмысқа қоса мен тіпті баяғыдан бері, студент кезімнен бастап ғылыми-зерттеу жұмысымен де шұғылданып келем. Әдебиет тарихшысы ретінде қазақ әдебиеті тарихынан мектептер мен жоғарғы оқу орында-

ры үшін оқу құралдарын құрастыруға қатысам, жиырма бес жылдан астам уақыттан бері Алматының жоғарғы дәрежелі оқу орындарында педагогтік және лекторлық қызмет атқарам. Қазақтың С. М. Киров атындағы Мемлекеттік университетінің профессоры ретінде Абайды тану жайында арнаулы курс өткізем, қазақ фольклорынан лекция оқимын және Қазақ ССР Ғылым академиясының толық мүшесі ретінде сол академияның тіл және әдебиет ғылыми-зерттеу институтында қызмет етем.

1950 жыл.

М. ӘУЕЗОВ.

МҰХТАР ОМАРХАНҰЛЫ ӘУЕЗОВТЫҢ ТВОРЧЕСТВОЛЫҚ ЖОЛЫ

Қазақ халқының социалистік мәдениеті мен әдебиетін өркендетуге үлкен үлес қосқан, социалистік реализм әдебиетінің аса көрнекті өкілдерінің бірі, қазақ совет әдебиетінің классигі — жазушы Мұхтар Омарханұлы Әуезов.

Мұхтар Әуезов жас шағынан үнемі үйрену, іздену үстінде өсіп жетілді. Көрнекті совет жазушылары қатарына көтеріліп, қоғам қайраткері, ғалым-педагог, аудармашы сияқты сан-алуан қырларымен көзге түсті. Орыстың прогресшіл демократтық идеяларынан, Батыс, Шығыс классиктерінен, қазақ халқының ұлы ағартушылары Шоқан Уәлиханов, Ыбрай Алтынсарин, Абай Құнанбаевтан моральдық, эстетикалық, демократтық үлгі алды. Оның ойы сараланып, сөз шеберлігі арта түсуіне, әсіресе Абай игі әсер етті.

М. Әуезовтың творчестволық қызметі 1917 жылдан басталады. Сол алғашқы жылдардағы шығармаларының өзінде-ақ жазушы сахара өмірінің көптеген тарихи және әлеуметтік мәселелерін көрсетуге күш салды. 1921 жылы жазылған алғашқы әңгімелерінің бірі «Қорғансыздың күнінде» жазушы жетім қыз Ғазизаның тағдыры арқылы қазақ даласындағы озбырлықты, әлдінің әлсізге жасаған зорлық-зомбылығы мен қорлығын, қыр өміріндегі әлеуметтік теңсіздікті суреттейді, үстем таптың жыртқыштық айуандық моральдық бейнесін әшкерелейді.

1925 жылы жазылған «Барымта», 1927 жылы жазылған «Жетім», «Жуандық» сияқты әңгімелерінде рушыл-

дықтың шырмауынан шыға алмай жүрген кедейлердің таптық сана-сезімі әлі де болса кешеуілдеп тұрғаны, олардың көңіл-көзін ашып, санасын ояту қажеттігіне құрылған болса, осы жылы жазылған «Қараш-қараш» атты повесі революция қарсаңындағы қазақ ауылының айқын картинасын, таптық сананың ояна бастаған кезін көрсетеді. «Қараш-қараш» идеялық-тақырыптық құндылығы жағынан да, көркемдік ерекшеліктері жағынан да М. Әуезовтың алғашқы шығармаларының ішінде ерекше орын алады.

М. Әуезовтың бұл тұстағы бірқатар әңгімелері әйел азаттығы тақырыбына арналған. Бұлардың бәрінде ескіліктің етектен тартып, аяққа тұсау болар небір кедергілері де, сондай-ақ жаңаны — әйелдерге совет заманы әперген азаттықты сезіну мотивтері де уақыт шеберлігіне сыйымды, заман тынысына лайық, шынайы суреттеледі. «Сөніп — жану», «Кім кінәлі», «Ескілік көлеңкесінде», «Қыстыкүнгі дала», «Үйлену», — осылардың бәрі де белгілі бір тарихи кезеңнің типтік жағдайын таныта алатын бейнелер. Бірқатар әңгімелерінде М. Әуезов қазақ даласының табиғатын («Қыр суреттері» циклында) этнографиялық тіршілік бейнесін («Сыбанның моласында» т. б.) баяндайды. Бұл кезең жазушының өзі үшін де, жалпы қазақ әдебиеті үшін де социалистік реализм әдісін туғызу, игеру жолындағы белгілі бір басқыш болған тарихи кезең еді.

М. Әуезов «Абай» романын жазуға кіріскенге дейін негізінен екі салада — драматургия саласында және әңгіме, повесть жанрларында жазды. Ол отызыншы жылдарда тарихи тақырыптармен қатар, еліміздегі социалистік құрылыстың табыстарын — совет халқының колхоз шаруашылығын және социалистік мәдениетті нығайту жолындағы қажырлы күресі мен ерлік еңбегін көрсететін бірқатар әңгімелер жазды. «Білекке-бідек» (1933), «Іздер» (1935), «Шатқалаң» (1935) т. б. әңгімелерінің көбі тақырып, оқиға, сюжет жағынан бір-бірімен байланысты.

М. Әуезов — очерк сияқты әдебиеттің ең актуальды жанрына да белсене ат салысқан жазушы. Оның ел өмірінен, тұрмыс-тіршілігінен жазған әр алуан күнделікті очерктерін былай қойғанда, көркемдік құндылығы жағынан көркем шығармаларынан кем түспейтін «Түркстан

солай туған» және «Индия туралы очерктерінің» әдебиетімізде алатын орны ерекше.

Қазақ халқының ұлы ақыны Абайдың өмірі мен еңбегі — М. Әуезовтың творчествосында үлкен орын алған тақырып. Жазушы Абайдың өмірі мен творчествосын ғылыми-зерттеу жолында көп еңбек сіңіре отырып, бірнеше көркем шығармалар да жазды. Ол 1937 жылы «Гатьянаның қырдағы әні» атты әңгімесін, 1939 жылы Л. Соболевпен бірге «Абай» атты трагедияны, осы пьесаның мазмұны негізінде «Абай» атты операның либреттосын және «Абай жырлары» атты көркем суретті фильмнің сценарийін жазды.

М. Әуезовтың ұлы ағартушы, классик Абайдың зор тұлғасын кемеліне келтіре суреттеп, айқын образын жасаған жазушының ұзақ жылғы зерттеу еңбегінің жемісі болған шығармасы — «Абай жолы» эпопеясы.

М. Әуезов романның бірінші кітабын 1942 жылы, екінші кітабын 1947 жылы жазып бітірді. 1949 жылы бұл романға социалистік реализм әдебиетінің кесек құнды шығармаларының бірі ретінде бірінші дәрежелі Мемлекеттік сыйлық берілді. Ал 1959 жылы төрт томдық эпопеяға Лениндік сыйлық берілді.

«Абай жолы» эпопеясы — тек жазушының немесе қазақ совет әдебиетінің ғана емес, сонымен бірге бүкіл совет әдебиетінің, социалистік мәдениетіміздің де зор табысы болуымен қатар, қазір әр түрлі елдер халықтарының тілдеріне аударылып, дүние жүзіне әйгілі болған шығарма.

«Правда» газеті (1954 жыл 17 сентябрь) қазақ әдебиетінің табыстарын аса жоғары бағалап: «Жазушы Мұхтар Әуезовтың «Абай» романы бүкіл одақтық әдебиеттің алтын қорына қосылды» — деп жазды.

М. Әуезов «Абай жолы» эпопеясында сол заманның шындығы мен әлеуметтік сипатын қазақ халқының ұлы ойшылы, қоғам қайраткері Абай айналасында топтап көрсетеді.

XIX ғасырдың екінші жартысында Қазақстанның Россияға қосылу процесінің аяқталуымен байланысты бұрынғы томаға-тұйықтық шетінеп, қазақ қоғамындағы әр түрлі әлеуметтік топтардың ара-жігі бірте-бірте айқындала берді. Қазақ даласына орыс халқының прогресшіл озат мәдениеті сәулесін шаша бастады. Абай — осы озат мәдениетті елдің үлгісін өз халқына тарату жолын-

да қызмет еткен қайраткер. Романда осындай зор маңызы бар тарихи процесс кең қамтылған, ақын өмір сүрген дәуірдің прогресшіл сипаты айқын ашылған.

Проза саласында бұл романнан басқа жазушының қазіргі заман тақырыбына жазған «Өскен өркен» романы бар. Өмірінің соңғы жылдарында жазылған бұл роман аяқталмай қалғанмен оқушы қауымнан тиісті бағасын алып, «Шыңдағы шынар» атты көркем суретті фильмнің сценариіне негіз болды.

Қазақ әдебиетінде Ұлы Октябрьден кейін туған жанр — драматургияның, қазақ халқына таныс емес тың өнердің алғашқы аңызын тартқан М. Әуезов болды. Оның 1917 жылы жазылып, алғаш рет жайлаудағы киіз үйде қойылған «Еңлік-Кебек» пьесасы 1926 жылы қазіргі Еңбек Қызыл Туы орденді Академиялық драма театры құрылғанда, соның тұңғыш шымылдығын ашты.

Осы тұңғыш шығармасынан кейінгі жылдарда М. Әуезов жиырмадан астам пьеса жазып қалдырды.

М. Әуезовтың алуан түрлі, көп қырлы еңбегінің бір саласы — көркем аударма болса, мұндай ерекше маңызы бар үлкен іске ол драмалық шығармаларды аударумен келді. Н. В. Гогольдің «Ревизорын», В. Шекспирдің «Отеллосы» мен «Асауға тұсауын», Н. Погодиннің «Ақсүйектерін», К. Треневтің «Любовь Яровая» қазақ тіліне аударумен ол қазақтың жас театр өнерінің өркендеуіне зор үлес қосты. Прозадан М. Әуезов И. С. Тургеневтің «Дворяндар ұясы» атты романын аударды. М. Әуезов аудармаларына тән бір ортақ қасиет — түп нұсқаның ерекшеліктері мен тілдік нәр-нақышын, ұлттық бояуын сақтай отырып, қазақ тіліне соншалық етене, төл туындыдай жақын да жатық етіп аударушылық.

Мұхтар Омарханұлы Әуезов — тек аты бүкіл жер жүзіне әйгілі зор талант иесі, кеменгер жазушы ғана емес, сонымен қатар ол энциклопедиялық білімі бар ғажап ғалым, көрнекті қоғам қайраткері. Ол қайта туған қазақ халқының социалистік жаңа мәдениетін құру майданында саналуан қажырлы еңбек етті, ең алдымен көп жанрлы совет әдебиетін гүлдендіру ісіне ұмытылмастай зор үлес қосты. 1932 жылдан бастап Қазақтың педагогикалық институтында, кейін ұзақ жылдар бойы С. М. Киров атындағы Қазақтың мемлекеттік университетінде фольклор мен қазақ әдебиеті тарихынан сабақ берумен қатар, қазақ әдебиетінің тарихы жөнінде ғылыми

еңбектер жазуға белсене қатысты, соның ішінде Абай таны ғылымының қалыптасуына ерекше еңбек сіңірді. Көрнекті ғалымның қазақ, қырғыз ауыз әдебиеті, XVIII—XIX ғасырлардағы қазақ әдебиеті, Абай творчествосына арналған мақалалары мен зерттеулері, осы күнгі совет әдебиетінің күрделі мәселелерін сөз ететін көптеген құнарлы еңбектері көпшілікке мәлім.

Мұхтар Әуезовтың ғылыми мұрасы өте бай, тек мақалаларының саны ғана 100-ден асады. Бұған көлемді зерттеулері мен монографияларын қосса, ғылыми еңбектерінің өзі бірнеше том болмақ. Ғылыми еңбектерін М. Әуезов екі тілде жазған, оның ішіндегі теориялық маңызы зор деген еңбектерін өзі аударып отырған.

Әрісі кең, білімі мол ірі ғалым жалпы совет әдебиетінің теориялық мәселелерін талқылауға белсене қатысып, туысқан одақтық республикалар әдебиетінің даму жолына үнемі ат салысты, кей сәтте өзінің жазған еңбегімен, жасаған баяндамасымен тікелей қатысып та отырды. Бұған дәлел ретінде қырғыз халқының эпостық жыры «Манас» туралы көлемді мақаласын атауға болады.

Профессор Мұхтар Омарханұлы Әуезов 1946 жылы тұңғыш құрылған Қазақ ССР Ғылым академиясының толық мүшелігіне өтті. 1955 жылы Қазақ ССР Жоғарғы Советінің депутаттығына сайланды.

М. Әуезовтың әдебиетке және ғылымға сіңірген еңбектерін жоғары бағалап, СССР Жоғарғы Советінің Президиумы оны екі рет Еңбек Қызыл Туы орденімен және «Құрмет Белгісі» орденімен, ал 1957 жылы Ленин орденімен наградтады. Сол жылы туғанына 60 жыл толуымен байланысты академик-жазушыға «Қазақ ССР-ның ғылымға еңбек сіңірген қайраткері» деген құрметті атақ берілді.

Мұхтар Әуезов бейбітшілік қорғау жөніндегі Советтік Комитетінің мүшесі болды. Көрнекті қоғам қайраткері ретінде ол дүние жүзінде баянды бейбітшілік орнату, шетелдермен мәдени байланысты нығайту ісіне белсене қатысып, көп жұмыстар істеді.

Өзінің бүкіл саналы өмірі мен тамаша талантын халыққа, Отанға қызмет етуге арнап, совет әдебиетінің алтын қазынасын көп томдық асыл шығармаларымен байытқан даңқты жазушы, көрнекті қоғам қайраткері Мұхтар Омарханұлы Әуезов 1961 жылы 27 июньде ауыр науқастан қайтыс болды.

МҰХТАР ӘУЕЗОВТЫҢ ШЫҒАРМАЛАРЫ

1. Таңдамалы шығармалар. 6-томдық. Алматы, Қаз-
мемкөркемәдеббас, 1955—1957.

I том. Абай I кітап, 1955. 307 б.

II том. Абай, 2 кітап, 1955. 440 б.

III том. Абай жолы, I кітап, 1955. 412 б.

IV том. Абай жолы, 2 кітап, 1957. 443 б.

V том. Әңгімелер мен пьесалар. 1956. 493 б.

М а з м ұ н ы: Әңгімелер: Қорғансыздың күні. Қасен-
нің құбылыстары. Білекке білек. «Түркстан» солай ту-
ған. Пьесалар: Еңлік-Кебек, Айман-Шолпан, Бес дос,
Шекарада, Бекет, Любовь Яровая.

VI том. Әңгімелер мен пьесалар. 1957. 531-б.

М а з м ұ н ы: Әңгімелер: Шатқалаң, Құм мен Асқар,
Бүркітші, Жуандық, Іздер. Пьесалар: Абай, Қарақып-
шақ Қобланды, Түнгі сарын, Сын саратта, Аударма:
Асауға тұсау.

С ы н: Дүйсенбаев Ы. Жемісті еңбек.— Социалистік
Қазақстан, 1958, 11 январь.

РОМАНАР

2. Абай. Роман. Бірінші кітабы. Түзетіліп үшінші ба-
сылуы. Алматы, Қазмемкөркемәдеббас, 1953. 398 б.

Совет Одағының және қазақ халқының аса көрнекті
жазушысы, Лениндік сыйлықтың лауреаты М. Әуезов-
тың төрт томдық «Абай» эпопеясы, қазақ халқының ұлы
ағартушысы, қазақ әдебиетінің классик ақыны Абай
Құнбаевтың өмір жолына арналған. Эпопеяда жазушы

Абайды өз халқының, өз заманының алдыңғы қатарлы прогресшіл ойшылы ретінде көрсетеді. Сонымен қатар XIX ғасырдың екінші жартысындағы қазақ халқының өмірін, оның тарихи тағдырын баяндайды.

«Абай» эпопеясы — жазушының өз творчествосының ғана емес, сонымен бірге бүкіл қазақ совет әдебиетінің асқар шыны, көп ұлтты совет әдебиетінің үздік үлгілерінің бірі. Жазушының бұл еңбегі көптеген совет халықтарының және шетелдер халықтарының тілдеріне аударылды. Осы еңбегі үшін авторға I-дәрежелі Мемлекеттік сыйлық және Лениндік сыйлықтың лауреаты атағы берілді.

М. Әуезов «Абай» романының бірінші кітабында ақынның балалық шағынан азамат боп ержеткенге дейінгі дәуірін суреттейді. Романда жазушы қиян-кескі қырқысқан ру тартысын, кедей жатақ ауылдарының ауыр тұрмысын шынайы суреттей отырып, ұлы ақынның дүниеге көз қарасының қалыптасуын бейнелейді. Романның өн бойына Абайдың ақындық үлгісі, ақындық қасиеті әр түрлі оқиға, әр түрлі ой, жан толғаныстары кезеңіне байланысты жарқ етіп көрініп отырады. Абайдың Тоғжанға деген адал да, ыстық, алғашқы махаббаты да романның осы бірінші кітабында суреттеледі.

3. 4. Абай. Роман. Екінші кітабы. Түзетіліп үшінші басылуы. Алматы, Қазмемкөркемәдеббас, 1953. 443 б.

Романның екінші кітабында жазушы Абайды орыстың алдыңғы қатарлы демократ ақындарынан нәр алған, ескілікке қарсы қоғамдық күрес жүргізген, қазақ халқын прогреске бастаған қоғам қайраткері ретінде суреттейді. Мұнымен қоса автор кітабында, өзінің ақындық қуатын халықтың өмірінен іздеген, өз өлеңдерінде сол халықтың арман-тілегін жырлаған Абайдың творчествосының қалыптасуын бейнелейді.

Романда әйелдер образдары да келісті жасалған. Автор шығармада әр жастағы, алуан мінезді әйелдер образын жасай отырып, қазақ әйеліне тән аяулы қасиеттерді жинақтап бере алған.

5. Абай жолы. Роман. Бірінші кітап. Алматы, Қазмемкөркемәдеббас, 1961. 804 б.

«Абай жолы» романында жазушы назарын баса аударатын жағдай — Абайдың халықпен байланысы, оның элеуметтік еңбегі. Бұл — Абайдың үстем тап арасынан үзілді-кесілді қол үзіп, халқының ішіне біржола келу

жолы, оның қараңғы қазақ сахарасынан орыстың озық мәдениетінің биігіне өрлеу жолы. Сонымен қатар мұнда ақынның рухани, ғылми, ақындық, ойшылдық өрісінің дамуы күрделі өмір процесіне байланысты суреттеледі.

6. Абай жолы. Роман. Екінші кітап. Алматы, Қазмемкөркемәдебас, 1961. 830 б.

«Абай жолы» романының екінші кітабы ұлы ақын өмірінің соңғы кезеңін суреттеуге арналған. Бұл Абайдың кемеңгер ақын, кемеліне келген ойшыл, туған халқының тағдыры жайында тебірене толғанатын қамқоршы болған шағы. Осы бір дәуірдегі қазақ халқының оянып, серпіле бастаған, тарихи дамудың кең өрісіне бет алған тұлғалы күш ретінде көрсете отырып, жазушы «қалың елі — қазағының» жарқын болашағы үшін күрескен прогресшіл бағыттағы ұлы ақынның сом бейнесін жасайды. Сонымен қатар автор Абайды қоршаған жас таланттардың өсу жолын, іс-әрекеттерін суреттеу арқылы Абайдың ақындар арасындағы ұстаздық қызметін баса көрсетіп, оның творчествосының психологиялық жақтарын ашады.

Абай жолының осы екінші кітабымен М. Әуезов Абай туралы эпопеясын аяқтайды. Сөйтіп, төрт томдық эпопеяға халық және оның ақыны тақырыбын арқау ете отырып, ол ұлы ойшыл, гуманист Абайдың нұрлы образын жасаумен қатар, қазақ халқының өткендегі жарты ғасырлық өмірінің көркемдік тарихын баяндап береді.

7—8. Өскен өркен. Роман. Алматы, Қазмемкөркемәдебас, 1962. 264 б.

Жазушы қазіргі заман тақырыбына жазбақ болған өз ойындағы көп томдық романның бірінші кітабынан бірнеше тараулар ғана жазып үлгірді де, сол тараулары «Өскен өркен» деген атпен жеке кітап болып шықты.

Автор бұл романында біріншіден жетіжылдық жоспарды жүзеге асыру үшін аянбай еңбек етіп жатқан шамшырақтардың жарқын өмірі мен жанқиярлық еңбегін суреттесе, екінші жағынан, әлі де болса, ескілік шырмауының шылауынан шыға алмай жүрген кейбіреулердің кеселді қылықтарын әділ сынап, олармен аяусыз күрес жүргізуді, сөйтіп, совет адамына жат мінезден арылуды талап етеді. Мұнымен қоса жазушы кітапта ауыл малшыларының қиын да қастерлі адал еңбектерін бейнелейді.

ПОВЕСТЕР МЕН ӘНГІМЕЛЕР

9. Әйел жолы. Кино — әңгіме. — Жұлдыз, 1967, № 5
6—736.

Бұл кино-әңгімеде революциядан бұрын бас бостандығы үшін күрескен жас қыз Алуаның қайғылы халін, ауыр тұрмысын, көрген қорлық-зорлығын баяндай келіп, автор революция жеңісінің нәтижесінде еркіндікке жеткен, оқуға мүмкіндік алған, әлеуметтік қоғам жұмыстарына араласқан қазақ қызының өсу жолын суреттейді.

10. **Көксерек.** Әңгімелер. Алматы, ҚМҚӘБ, 1960. 96 б.

М а з м ұ н ы: Көксерек. Бүркітші. Сыбанның моласында. Жетім.

М. Әуезовтың алғашқы кездегі туындыларының ішінен оның суреткерлік құдіретін қапысыз танытқан шығармаларының бірі — «Көксерек». Ауыл өмірінен жазылған бұл әңгімесінде автор қасқырдың асыранды күшігі Көксерек арқылы жабайы жыртқыштың табиғи ерекшелігін, аңдар тіршілігін тамаша суреттейді. Осы жинаққа енген «Жетім» деген әңгімесінде жазушы кедей баласы Қасымның өмірін баяндап, сол кездегі әлеуметтік теңсіздік мәселесін өткір әшкерелесе, «Бүркітші» деген әңгімесінде жас Совет өкіметін қорғау үшін совет шекарашыларына көмектескен батырақ Бекболдың бейнесін жасайды. Ал, «Сыбанның моласы» деген әңгімесінде Бура-Алтаяқ батыр туралы аңыз әңгіме баяндалады. Бұл — оның алғашқы кездегі творчестволық ізденулерінің өзгеше бір қырын, желілі арнасын танытатын шығармасының бірі.

11. **Көксерек.** Повесть. 3-бас. Алматы, «Жазушы», 1967. 40 б.

12. **Қаралы сұлу.** Алматы, «Жазушы», 1965. 103 б.

М а з м ұ н ы: Қорғансыздың күні. Оқыған азамат. Қаралы сұлу.

Бұл жинағына енген әңгімелерінің бәрінде де автор беймезгіл заманда өмір сүрген қазақ әйелдерінің азалы да, аянышты тағдырын суреттейді.

13. **Қараш-Қараш.** Әңгімелер, пьесалар жинағы. Алматы, Қазмемкөркемәдеббас, 1960. 473 б.

М а з м ұ н ы: Қараш-Қараш оқиғасы, Бәйбіше-тоқал, Қорғансыздың күні, Қыр суреттері: I. Кешкі дөң басында. II. Төкшенің баурында. Оқыған азамат, Үйлену, Сө-

ніп-жану, Жетім, Барымта, Қаракөз, Кінәшіл бойжеткен, Қаралы сұлу, Кім кінәлі? Ескілік көлеңкесінде, Жуандық, Көксерек, «Абай».

Бұл жинаққа автордың бұрынғы алты томдығына еңбей қалған шығармалары кіргізілген. Солардың ішінде «Абай» трагедиясынан басқасының бәрі де жиырма-сыншы жылдардың туындылары. Жинаққа кірген 17 әңгімені шамамен мынадай жүйелерге бөлуге болады. Бір топ әңгімелерінде теңсіз замандағы қорғансыздардың, дәрменсіздердің ауыр күйі, ауылдағы әлеуметтік қалыпты көрсетсе, екінші жүйедегі «Ескілік көлеңкесінде», «Қысты күнгі дала», «Кім кінәлі?», «Қаралы сұлу» әңгімелерінде әйел мәселесі, әйел тағдыры сөз болады. Ал, «Сыбанның моласында», «Текшенің бауырында», «Кешкі дөң басында», «Қысқы түн» секілді әңгімелерінде жазушы ескі ауылдың тіршілігін, әлеуметтік сипатын бейнелейді. «Оқыған азамат», «Кінәшіл бойжеткен», «Сөніп-жану» деген әңгімелері қоғамдық жаңа салтты қалыптастырудағы оқыған азын-аулақ білімді адамдардың іс-әрекеттерін көрсетеді. «Қараш-қараш» оқиғасы қазақ қоғамындағы үстемдік пен тәуелділік жайдың төзбес асқынған күйлерін суреттейді. Жалпы алғанда, бұл жинақ — таптық тартысты шегіне жеткізе бейнелеген, таптық кектің қан майданмен ғана шешілетінін тамаша көрсеткен аса көркем, идеялық маңызы зор шығарма.

С ы н: Әбілқайырова С. М. Әуезов әңгімелері туралы бірер сөз.— Жұлдыз, 1963, № 6, 152—154 б; Нұрқатов А. Творчестволык бастау.— Кітапта: Нұрқатов А. Мұхтар Әуезов творчествосы. Алматы, 1965, 9—18 б; Нұртазин Т. «Қараш-Қараш».— Жұлдыз, 1961, № 6, 140—146 б.

14. **Қасеннің құбылыстары.**— Кітапта: Әуезов М. Таңдамалы шығармалары. 5-том. Алматы, 1956. 28—68 б.

Қасен образы арқылы қазақ ұлтшылдарының әлеуметтік зиянын жаулық іс-әрекеттерін аяусыз әшкерелейтін әңгіме.

15. **Құм мен Асқар.**— Кітапта: Әуезов М. Таңдамалы шығармалар. 6-том, Алматы, 1957, 4—76 б.

Коллективтендіру кезінде тап жауларының колхоз ісіне істеген зиянкестіктерін әшкерелейтін әңгіме.

16. **Оқыған азамат.**— Жұлдыз, 1957, № 9, 9—27 б.

Үстем тап өкілдері мен кедейлер арасындағы таптық тартыс мәселелеріне негізделген әңгіме.

17. **Іздер.**— Кітапта: Әуезов М. Таңдамалы шығармалар. 6-том. Алматы, 1957, 113—142 б.

Коллективтендіру жылдарында Қазақстандағы колхоз құрылысын нығайту жолындағы күресті баяндайтын әңгіме.

18. **Шатқалаң.**— Кітапта: Әуезов М. Таңдамалы шығармалар. 6-том. Алматы, 1957, 7—45 б.

Қазақ ауылындағы коллективтендіру жылдары, жаңа құрылған колхоз өмірі, колхоз жауларының қастандық іс-әрекеттері сюжетіне құрылған әңгіме.

ОЧЕРКТЕР, СУРЕТТЕМЕЛЕР

19. **Америка эсерлері.**— Кітапта: Сапарлар, кездесулер, эсерлер. Алматы, «Қазақстан», 1966. 10—45 б. Қазақ әдебиеті, 1964, 3, 10, 17, 24 июль.

Жазушы 1960 жылдың февраль, март айларында Америкаға сапар шегіп қайтты. Мұнда сол сапардан алған эсерлері, Вашингтон мен Нью-Йорктегі түрлі кездесулер, көрген, естіген, көңілге түйген жайлар сөз болады.

20. **Ер серігі — сергек ой.**— Кітапта: Майдан. Ұлы Отан соғысы туралы әңгімелер мен очерктер. Алматы, 1961, 3—11 б.

Жауынгер полковник Бауыржан Момышұлының Ұлы Отан соғысы жылдарында басынан кешкен бір хал баяны.

21. **Индия очерктері.** (Көріністері). Алматы, Қазмемкөркемәдеббас. 1958. 130 б.

Бұл очеркте автор Индияға барған сапарында өзінің көргені мен білгенін, сезгендері мен ойлағандарын жазған. Оқушыларды Индияның көркем табиғатымен, бай архитектурасымен, үлкен қалаларымен және халықтың әдет-ғұрыптарымен таныстырады. Индия экономикасы мен шаруашылығындағы жаңалықтарды, терістік Индияда салынып жатқан Напгал плотинасының құрылысы, оның болашағы жайында көптеген пікірлер айтып, тамаша суреттеген. Очерктің бүкіл өнбойында советтің азамат-жазушысының өзіне бейтаныс ғажайып сырлы елдің тағдырына қызықсына қараумен бірге, оның өз

Отанын, туған жер-мекенін сағыну, соны мақтан ету сезімдері де айқын байқалып отырады.

Сын: Нұрқатов А. Индия көріністері — Кітапта: Нұрқатов А. Мұхтар Әуезовтың творчествосы. Алматы, 1965, 173—179 б.

22. «Түркстан солай туған». (Директор туралы очерк). Алматы, Қазмемкөркемәдеббас, 1956. 64 б.

Очеркте айтылған оқиға Жамбыл облысы, Сарысу ауданындағы «Жон» аталатын кең алқапта болған шындық факті.

Бұл кітабында жазушы тыңда құрылған жаңа совхоз директорының образын оқиғаның негізгі желісіне ала отырып, жапан түзде дүлей табиғатпен арпалысып, үлкен іске аттанған жас патриоттардың қажырлы еңбегін шебер суреттейді.

23. Шаяндағы шешен Керекең.— Қазақ әдебиеті, 1960, 8 июль.

Оңтүстік Қазақстан обл. Шаян ауданының озат шопаны Қ. Маманов туралы очерк.

ПЬЕСАЛАР, ЛИБРЕТТОЛАР

24. Абай. 4 перделі, 7 суретті трагедия (Авт. М. Әуезов және Л. Соболев). Алматы, Қазмемкөркемәдеббас, 1950. 88-б;— Кітапта: М. Әуезов. Қараш-Қараш. Алматы, 1960. 403—473 б.

Екі ұлт әдебиеті өкілдерінің творчестволық ынтымағынан шыққан бұл трагедия кемеліне келген ойшыл Абайдың өмірінің соңғы кезеңін көрсетеді. Мұнда халықтың ардагер ұлының басындағы ауыр хал шынайы суреттелумен қатар, халықтың өз бойындағы трагедия терең ашылады.

Пьесада көтерілген басты проблеманың бірі — Қазақстанның Россияға қатынасын авторлар мейлінше шебер, әрі дұрыс шешкен. Трагедияда қазақ даласына қаралы да залалды қанатын енді жая бастаған панисламизмнің әлеуметтік зиянды сыры өткір әшкереленіп, бас бостандығына ұмтылған, өзінің болашағын тани бастаған жаңа жас күштердің көтеріле бастағаны шебер суреттеледі.

Сын: Исмаилов Е. Абай образы.— Кітапта: Исмаилов Е. Жаңа белеске. Алматы, 1962. 257—270 б.

25. **Абай.** Либретто. Музыкасы А. Жұбанов пен Л. Хамидидікі. Алматы, «Жазушы», 1966. 272 б.

М. Әуезовтың либреттосы бойынша шығарылған бұл операда ұлы ақынның өмір сүрген ортасы, сол ортаның қым-қиғаш талас-тартысы, қараңғылық пен зұлымдыққа қарсы бой көрсеткен Абай тобының күресі суреттеледі. Либретто Абайдың сүйікті шәкірті Айдардың, балалары Әбіш пен Мағауияның және өзінің қайтыс болуымен аяқталады.

Сын: Жұманбаев Б. Шыңдалған шығарма.— Лениншіл жас, 1958, 27 апрель.

26. **Айман-Шолпан.** 4 актылы, 5 суретті, музыкалы пьеса. (Екінші вариант).— Кітапта: Әуезов М. Таңдамалы шығармалар. 5-том. Алматы, 1956. 170—195 б.

Халықтың эпостық жырлары негізінде құрылған пьесада автор жастар еркіндігін, махаббат тәуелсіздігін дәріптей отырып, қазақ әйелдерінің азаттық мәселесін қозғайды.

27. **Бәйбіше-тоқал.** 2 перделі қайғылы хал. (Драма).— Кітапта: Әуезов М. Қараш-Қараш. Алматы, 1960. 77—119 б.

Қазақтың ескі әдет-ғұрпы, салты мен дәстүрі, көп әйел алу, ондай семьядағы тіршілік, талас-тартыс жайы суреттелген драма.

28. **Бекет.** 4 актылы, 5 суретті музыкалы пьеса.— Кітапта: Әуезов М. Таңдамалы шығармалар. 5-том, Алматы, 1956. 369—418 б.

Бекет батыр бастаған халық көтерілісі суреттеледі.

29—30. **Бес дос.** 4 актылы, 6 суретті опера либреттосы.— Кітапта: Әуезов М. Таңдамалы шығармалар. 5-том. Алматы, 1956. 271—310 б.

Ұлы Отан соғысының батыры Төлеген Тоқтаровтың ерлігіне арналған.

31. **Еңлік-Кебек.** 4 актылы, 5 суретті трагедия. (Жаңадан түзелген түрі).— Кітапта: Қазақ пьесалары. Алматы, 1957. 5—49 б.

Халық арасына кең тараған аңыз әңгіме негізінде жазылған трагедия адал махаббат жолында құрбан болған екі жастың қайғылы қазасын, ел арасындағы рулық-феодалдық, жікшілдікті баяндайды.

Сын: Бөжеев М. Еңлік-Кебектің нұсқалары туралы.— Жұлдыз, 1965, № 6, 154—157 б.

32. **Қаракөз.** 4 актылы, 7 суретті трагедия.— Кітапта: Әуезов М. Қараш-Қараш. Алматы, 1960. 237—289 б.

Қыз малға сатылған беймезгіл заманда бас бостандығын аңсаған, сол жолда құрбан болған Қаракөз ару жайындағы трагедиялы драма.

Сын: Нұрғалиев Р. «Қаракөз» трагедиясының екі нұсқасы.— Жұлдыз, 1967, № 3, 150—158 б.

33. **Қарақыпшақ Қобыланды.**— Кітапта: Таңдамалы шығармалар. 6-том. Алматы, 1957. 191—302 б.

Қобыланды батыр эпостық жанрының сюжетіне құрылған пьеса.

34. **Намыс гвардиясы.** Үш перделі, 6 суретті қаржандық драманың екінші нұсқасы. Авт: М. Әуезов және Ә. Әбішев.— Жұлдыз, 1966, № 4, 6—39 б.

Атақты панфиловшылар дивизиясының Москва түбіндегі ерлік шайқасы суреттеледі.

35. **Сын сағатта.** 3 актылы, 4 суретті пьеса.— Кітапта: Таңдамалы шығармалар, 6-том. Алматы, 1957. 371—419 б.

Ұлы Отан соғысы жылдарында қазақ жауынгерлерінің майдандағы ерлігі мен Қарағанды кеншілерінің тылдағы ерлік еңбегін суреттейді.

36. **Түнгі сарын.** 4 актылы, 6 суретті пьеса.— Кітапта: Қазақ пьесалары. Алматы, 1957. 51—119 б.

1916 жылғы халық көтерілісін, қазақ феодалдары мен байларына қарсы шаруалар қозғалысын бейнелеген пьеса.

37. **Шекарада.** 3 актылы, 11 суретті пьеса.— Кітапта: Әуезов М. Таңдамалы шығармалар. 5-том. Алматы, 1956. 311—388 б.

Отан шекарасын қорғаудағы совет жауынгерлерінің патриоттық қырағылығы, сақтығы жайында.

ӘДЕБИЕТ ТАҢУ МӘСЕЛЕЛЕРІ, ӘДЕБИ СЫН ЖӘНЕ ЗЕРТТЕУЛЕР

38. **Әр жылдар ойлары.** Қазақша және орысша жазылған зерттеулер, мақалалар. Алматы, Қазмемкөркемәдеббас, 1959. 555 б.

Маэмуны: Абай (Ибраһим) Құнанбайұлы. Орыс классиктері мен Абай, Абай еңбектерінің биік нысанасы. Ертегілер, «Қозы Көрпеш — Баян сұлу», «Қыз Жібек»,

Айтыс өлендері, Жамбылдың айтыстағы өнері, Мәлік Ғабдуллинге жауап хат, Октябрь өрені.

Творчестволық сапарының алғашқы кезеңінен бастап-ақ М. Әуезов туған халқының тарихы мен тағдырын, оның ежелгі сөз өнерін ғалым ретінде қоса зерттеп келді. Соның нәтижесінде ол барша әлемге паш болған көркем шығармалармен қатар көптеген байсалды зерттеулер, ойлы еңбектер жазды. Сол зерттеулер мен еңбектердің бірталайы осы кітабына енген. Кітап қазақтың ұлы ақыны Абайдың өмірі мен творчествосына арналған көлемді зерттеумен ашылып, халқымыздың бай ауыз әдебиеті, айтыс өлендері, жалпы қазақ әдебиетінің даму жолы т. б. көптеген монографиялары берілген. Әсіресе, оның ең негізгі, көлемді зерттеулерінің бірі — қырғыз халқының батырлық эпосы «Манас» жайындағы еңбегі жинақтан көлемді орын алған. Жалпы айтқанда, бұл кітапта үлкен ғалымның сан жылдар бойғы сарыла ізденген, сарқа жұмсаған еңбектерінің тамаша жемісі, түбегейлі терең ойлары бар.

Сы н: Дербісалин Ә. Әдебиет ғылымының үлкен табысы.— Қазақ әдебиеті, 1959, 25 декабрь.

39. Ертегілер. Алматы, 1957. 76 б.

Бұл кітабында ертегі репертуарының байлығы және ертегінің жеке жанрларының ерекшеліктерін көрсете келіп, жазушы қазақ өмірінде болған елеулі бет бұрыс кезеңдеріне байланысты бұл жанрда да кездесетін өзгерістерді айқын көрсеткен. Мұнымен қатар кітапта автор образ жүйесін талдағанда, белгілі бір ертегілердің поэтикалық ерекшелігін сипаттағанда историзм идеясын кең қолданып, тарихи түсінік беріп отырады.

40. Уақыт және әдебиет. (Құраст. ред. алғы сөзін жазған Ы. Т. Дүйсенбаев). Алматы, Қазмемкөркем-әдеббас, 1962. 425 б.

Мазмұны: Алғы сөз. I бөлім. Зерттеулер: Жалпы театр өнері мен қазақ театры. Қазақ халқының эпосы мен фольклоры. Қазақ әдебиетінің тарихын жасау мәселелері. Әбділда Тәжібаев. СССР халықтары әдебиетінің өркендеуі. Қорытынды сөз. Қырғыздың батырлық эпосы «Манас». «Манас» эпосының халықтық нұсқасын жасау керек. II бөлім. Мақалалар, рецензиялар, сөйлеген сөздер, баяндамалар: Мәңгілік кепілі. Әлемнің ұлы азаматы. Партия туралы ойлар. Жақсы пьеса — сапалы әдебиет белгісі. Пушкинді қазақшаға аудару тәжірибелері тура-

лы. Елубай Өмірзақов. Қазақ сахнасындағы аударма пьесалар. Мәңгі жасайтын ақын Шота Руставели. Жұмбақ туралы. Халық ертегісі. Бағалы еңбек. Ыбрай Алтыңсарин — қазақ мәдениетінің зор қайраткері. Кейбір ұлт жазушыларының романдары туралы. Өнер өрінде. «Дворян ұясы» романының аудармасы туралы. «Драматургия заңы» туралы кейбір ойлар. «Алтай жүрегі» туралы. Қазақ халқының ұлы ақыны. Көркем аудармаңның кейбір теориялық мәселелері. Өмір мен шығарма. Ауыр қаза. Заман шарты. Космос дәуірінде әдебиетті қайтпекпіз? Біз жаңалық табу жолындамыз. Жүрекке жүрек ашылсын. Орыс әдебиетінің шырқау биігі. Туысымыз, досымыз біздің. Тагордың кемеңгерлігі.

Лениндік сыйлықтың лауреаты, академик — жазушы Мұхтар Әуезовтың бұл жинағына қазақ совет әдебиетінің өсу жолы, қазақ жазушыларының творчествосы, социалистік реализм әдісі мен жанр жайында сөйлеген сөздері, келелі пікірлері кірген. Сонымен бірге орыс, украин, грузин және туысқан елдер әдебиеті классиктері туралы жазған мақалалары берілген.

С ы н: Дәрбісалин Ә. «Уақыт және әдебиет». — Қазақстан мұғалімі, 1962, 25 октябрь.

* * *

41. **Абай Құнанбайұлы.** — Кітапта: XVIII—XIX ғасырдағы қазақ әдебиеті. Бірінші кітап. Алматы, 1961. 333—476 б.

Ақынның өмірі мен творчествосы, оның өмір сүрген дәуірі, тарихи ортасы, сол кездегі қоғамдық қарым-қатынас туралы.

42. **Ұлы ақын-ағартушы Абай Құнанбаев.** — Кітапта: Қазақ ССР тарихы. I том. Алматы, 1957. 487—498 б.

Абайдың өмірі мен творчествосы.

43. **Абай мұрасы** жайында. — Социалистік Қазақстан, 1951, 4 февраль; Лениншіл жас, 1951, 4 февраль.

Мақалада жазушы Абай тану мәселесіне, Абай мұраларын зерттеу ісіне тоқтала келіп, филология ғылымының кандидаты С. Нұрышевтің «Абай ақындығының алғашқы кезеңі туралы» деген мақаласын қатал сынға алады.

44. «Абай» романының жазылуы жайынан.— Әдебиет және искусство, 1955, № 3, 93—104 б.

Бұл мақаласында М. Әуезов «Абай» романдарын жазуда алға қойған айқын мақсаттарына сүйене отырып, оған қажетті материал жинау, жазу, идеялық тереңге сүңги отырып, Абай заманының қиян тартыстарын, сол қияда ұзап шыққан прогрессивті ой-өрісті жеткізе, айқындап ашу үстіндегі жазушылық тәжірибесін ортаға салады.

45. А қ ы л б а й Қ ұ н а н б а е в.— Кітапта: Қазақ әдебиетінің тарихы. Екінші том. Бірінші кітап. Алматы, 1961, 477—484 б.

Абайдың үлкен баласы ақын да әнші, домбырашы және скрипкашы Ақылбайдың өмірі мен творчествосына тоқтала келіп, автор оның негізгі үш шығармасын «Жаррах», «Дағыстан», «Зұлыс» поэмаларын таныстырып өтеді.

46. Әдебиеттер байланысы туралы.— Қазақ әдебиеті, 1962, 15 май.

С. Мұқановтың «Ботакөз» романы мен Айбектің «Құтлуғ хан» романындағы ортақ ерекшеліктер жайлы пікірлер.

47. Мағауия Құнанбаев.— Кітапта: Қазақ әдебиетінің тарихы. Екінші том. Бірінші кітап. Алматы, 1961. 485—492 б.

Абайдың Ділдәдан туған кенже ұлы, білімді, адамгершілігі мол жас Мағауияның өмірі мен творчествосын баяндай келіп, автор оның негізінен «Еңлік-Кебек», «Абылай», «Медғат—Қасым» атты поэмалар жазғанын айтады. Және соның ішіндегі ең көлемді көркем поэмасы «Медғат—Қасымның» сюжеттік ерекшеліктеріне тоқталады.

* * *

48. Әдебиетіміздің туысқандығы.— Қазақ әдебиеті, 1959, 15 май.

Жазушылардың Бүкілодақтық съезі алдында жазылған бұл мақала осы жылы 8 майда «Правда» газетіне басылған еді. Мұнда М. Әуезов «Халықтар достығының арқасында ұлт әдебиеттері бірі мен бірі тығыз байланыса өмір сүріп, бірін-бірі байыта түседі. Сондықтан қазіргі әдебиет процесінде халықтар достығының орны мен мәні социалистік реализмнің идеялық шешуші принциптерінің

бірі болып саналады» деген тұжырым жасап, туысқан әдебиеттер жазушыларының алдында тұрған міндеттерге тоқталады.

49. **Біздің жауапкершілігіміз.**— Қазақ әдебиеті, 1959, 28 август.

Осы жылдың 22 августында «Литературная газетаға» басылған бұл мақаласында автор негізінен жазушы жауапкершілігіне, Отан өміріндегі проблемалы мәселелер мен жазушы атқарар міндеттер жайын сөз етеді.

50. **Дәстүр мен жаңашылдық.**— Қазақ әдебиеті, 1960, 26 август.

Қазақ совет әдебиетінің дамуы жайындағы зерттеу мен толғаныстар.

51. **Ертегілер.**— Кітапта: Қазақ әдебиетінің тарихы. I том. Бірінші кітап. Алматы, 1960. 216—283 б.

Қазақ ауыз әдебиетінің ірі саласы — ертегі жанры туралы зерттеу.

52. **Заман шарты.**— Қазақ әдебиеті, 1960, 28 октябрь.

Ғылым мен білім мейлінше дамып отырған біздің заманымызда жазушы көтерер жүк көп екенін айта келіп, автор жаңа заманға сай стиль мен жаңа түр жайын ойластыру, жазушының өз заманы алдындағы жауаптылығын ең бірінші орынға қою мәселелерін қозғайды.

53. **Октябрь өрені.**— Қазақ әдебиеті, 1957, 15 ноябрь.

Қазақ совет әдебиетінің Октябрьдің 40 жылдығы ішіндегі табыстары туралы мақала.

54. **Оңтүстік сапарынан.**— Социалистік Қазақстан, 1959, 23 октябрь.

Жаңа роман жазу мақсатымен жолға шыққан жазушының Шымкент облысын аралап, ел өмірімен халық шаруашылық экономикасымен танысуы, мал жайылымындағы малшылармен кездесуі жайлы әңгімеленеді.

55. **Өмір мен шығарма.**— Қазақ әдебиеті, 1966, 27 апрель.

Әдебиет тану ғылымы және әдебиет теориясы негізінде жазылған бұл ғылыми мақала барынша терең, шыншыл, толық құнды шығарманы реалистік әдіспен жазу мәселелерін қозғайды.

56. **Өнер алғысы.**— Қазақ әдебиеті, 1957, 7 ноябрь.

Совет өкіметінің 40 жылдығы қарсаңында қазақ совет әдебиетінің мол табыстарын баян ететін мақала.

57. **Сын болашаққа меңзесін.**— Қазақ әдебиеті, 1959, 30 октябрь.

«Қазақ әдебиеті» газетінің редакциясында сын мәселесін талқылауға арналған әдебиет сыншылары мен зерттеушілерінің жиналысында сөйлеген сөзінде М. Әуезов қазақ әдебиет тану ғылымының алдында тұрған зор міндеттерді көрсетеді.

58. **Өнер өрінде.**— Әдебиет және искусство, 1952, № 12, 95—103 б.

Жазушы Ф. Мұстафиннің 50 жасқа толуына байланысты мақалада оның творчестволық өмір жолына тоқталады.

59. **Өрлеу егіз қатар болсын.**— Қазақ әдебиеті, 1961, 20 январь.

Мұхамеджан Қаратаевтың 50 жасқа толуына байланысты оның творчестволық ерекшеліктеріне талдау жасайды.

60. **Шыншыл, тәкаббар ақын.**— Жұлдыз, 1964, № 5, 36—37 б.

С. Сейфуллиннің әдеби еңбегінің 20 жылдығын тойлау кезінде жазған мақаласында автор оның творчивосына талдау жасап, баға береді. Мақала тұңғыш рет «Социалды Қазақстан» газетінде, 1936 жылғы 12 июльде басылған.

61. **Ыбрай Алтынсарин** — қазақ мәдениетінің зор қайраткері.— Социалистік Қазақстан, 1950, 11 апрель.

Қазақ халқының ұлы ағартушыларының бірі, педагог Ы. Алтынсариннің өмірі мен творчивосы туралы.

62. **Ірі оқымысты.** (Авт.: Әуезов М. және Кеңесбаев І.)— Қазақ әдебиеті, 1957, 5 декабрь.

Қазақ тілі білімінің негізін салушы көрнекті ғалым Құдайберген Жұбанов туралы.

* * *

63. **Әуезов М.** «Дворян ұясы» романының аудармасы туралы.— Әдебиет және искусство, 1952, № 9, 7—10 б.

И. С. Тургеневтің «Дворян ұясы» романын аударған жазушы бұл мақаласында өз аудармасы жайында пікірлер айтады.

64. **«Евгений Онегиннің»** қазақшасы туралы.— Лениншіл жас, 1967, 11 апрель.

Көркем аударма мәселесіне көп көңіл бөлген жазушының бұл мақаласы алғаш 1937 жылы «Социалды Қазақстан» газетіне басылған. Мақалада автор көркем

аударма ерекшеліктерімен қатар Пушкин шығармаларының Т. Жароков, І. Жансүгіров жасаған аудармаларына талдау жасайды.

65. **Кейбір ұлт жазушыларының романдары туралы.**— Әдебиет және искусство, 1950, № 8, 71—79 б.

Татар жазушысы Башировтың «Намыс», өзбек жазушысы Айбектің «Алтын атыраптан ескен жел», қазақ жазушысы Мұстафиннің «Миллионер», қырғыз жазушысы Сыдықбековтың «Біздің заманның адамдары» және орыс жазушысы С. Бабаевскийдің «Алтын жұлдызды жігіт», «Жер бетіндегі жарық» романдары туралы.

66. **Орыс әдебиетінің шырқау биігі.**— Қазақ әдебиеті, 1960, 29 январь.

А. П. Чеховтың туғанына 100 жыл толуына байланысты мақалада оның творчествосына талдау жасалып, баға берілген.

67. **Пушкин мен Абай.**— Социалистік Қазақстан, 1950 10 август.

Отанымыздың өткен заманындағы екі ұлы ақыны Пушкин мен Абайдың творчестволық жақындығы, поэзиядағы ақындық өнер үлестігі және Пушкин шығармаларының қазақ тіліндегі Абай аудармасы жайында әдеби-сын, ғылыми-зерттеу мақала.

68. **Туысымыз, досымыз біздің.**— Қазақ әдебиеті, 1961, 10 март.

Т. Г. Шевченконың қайтыс болғанына 100 жыл толуына байланысты мақала.

* * *

69. **Қазақстан мемлекет театры.**— Жұлдыз, 1964, №1, 117—126 б.

Мақала 1927 жылы, Қазақ Мемлекеттік драма театрының ашылғанына екі жыл толуына байланысты жазылған. Театрмен творчестволық тығыз байланысы бар драматург Әуезов қазақ театрының осы аз уақыт ішінде көрсеткен өнері мен жеке өнерпаздары жайын әңгімелейді.

70. **Реалистік драма жолында.**— Кітапта: Қазақстан жазушыларының III съезі: Алматы, 1956, 53—89 б; Әдебиет және искусство, 1954, № 11, 76—99 б.

Съездегі баяндамасында қазақ совет драматургиясының екінші съезден бергі уақыт ішінде жүріп өткен жолына шолу жасайды.

ПУБЛИЦИСТИКАЛЫҚ МАҚАЛАЛАР, СӨЙЛЕГЕН СӨЗДЕР МЕН ХАТТАР

71. **Мәңгілік кепілі.**— Қазақ әдебиеті, 1955, 22 апрель.

В. И. Лениннің туғанына 85 жыл толуына байланысты мақалада жазушы социалистік ұлттар мәдениетінің гүлденуінің өзі лениндік ұлт идеяларының салтанаты екенін ашып көрсетеді.

72. **Партия туралы ойлар.**— Қазақ әдебиеті, 1959, 30 январь.

Совет Одағы Коммунистік партиясының ХХІ съезінің ашылуына қарай жазылған мақалада советтік қоғамдағы, оның ұлттық мәдениеті мен әдебиетінің өсіп өркендеу жолындағы Коммунистік партияның данышпан басшылығы атап көрсетіледі.

73. **Өнерге өнеге.**— Қазақ әдебиеті, 1959, 1 январь.

Қазақ өнері мен әдебиетінің 1958 жылғы Москвадағы онкүндігі туралы жазылған мақала.

74. **Үзілмес достық өреніміз.**— Социалистік Қазақстан 1958, 12 декабрь.

Қазақ әдебиеті мен өнерінің Москвадағы онкүндігіне байланысты жазылған мақала ұлы орыс және қазақ әдебиеттерінің үзілмес достық дәстүріне арналған.

75. **Халықтық «Бустан».**— Қазақ әдебиеті, 1958, 12 декабрь.

Қазақ өнерінің Москвадағы онкүндікке тартар сыйын сөз ете келіп, жазушы — баяғыда фарсы елінің ұлы ақыны Саһади өзінің асыл диванын «Бустан» (Жемісті бақ) деп атаған екен. Қазақ халқының да барлық туысқан халықтардың да социалистік өнерінің ондаған жылдар ішінде елімізде алып адым, қауырт қарқынмен көктеп-көгеруі, дамып гүлденуі сол бір «Жеміс ағашына ұқсас» — дейді.

76. **Майдағы ойдағылар.**— Социалистік Қазақстан, 1956, 1 май.

Халықаралық ынтымақ, достық күні — Май мерекесі туралы мақала.

77. **Жүрекпен туысқандық.**— Социалистік Қазақстан, 1964, 17 январь.

Украинаның Россияға қосылғанына 300 жыл толуын бүкіл еліміз болып тойлауына байланысты мақала.

78. **Оянған халықтар үні.**— Жұлдыз, 1958, № 9, 14—15 б.

Қазақстан көркем әдебиет баспасының 1958 жылы Ташкентте болған Азия, Африка елдері ақын-жазушыларының жиналысына арнап шығарған «Азия — Африка ақындары» атты кітапқа шолу.

79. **Тың ойлары.**— Қазақ әдебиеті, 1961, 3 март.

Қазақстанда тың игеру мәселесі, тың өлкесінің елімізде астық молшылығын жасау жолындағы алатын орны жайлы шағын мақала.

80. **Адамшылық негізі — әйел.**— Лениншіл жас, 1966, 8 июнь.

1917 жылы жазылған бұл мақаласында жазушы адамзат тарихында халықтың өсіп-өну, мәдени дәрежесінің артуы үшін әйелдің алатын орнын жоғары бағалай келіп: «Ал, қазақ мешел болып қаламын демесең, тағылығыңды бесігіңнен түзе, оны түзеймін десең әйеліңнің халін түзе»— деген тұжырым жасайды.

80 «а». **Есте болар ойлар.**— Қазақ әдебиеті, 1967, 19 май.

Жазушының ақыл-нақыл сөздері, эпикалық ой-пікірлері.

81. **Оқудағы құрбыларыма.** Қайсысын қолданамыз. («Әуезовтың екі мақаласы» деген атпен жариялаған Р. Нұрғалиев).— Қазақстан мұғалімі, 1966, 23 июнь

Екі мақала да 1917 жылы, сентябрь, октябрь айларында, Семей қаласында жазылған. Жас жазушының талантын, прогресшіл көзқарасын, балаң ойшылдығын танытатын бұл шағын мақалалары жастарды оқуға, мәдениетке шақырып, халықты оқу-ағарту жолына қызмет етуге үндейді.

82. **Сәт сапарға дос ниет.**— Қазақ әдебиеті, 1955, 14 январь.

Мақала «Қазақ әдебиеті» газетінің бірінші номерінің шығуына байланысты жазылған. Мұнда автор Қазақстан жазушылар одағы басқармасы газетінің ұлт әдебиетін дамыту саласындағы маңызды міндеттерін сөз етеді.

83. **«Шаншар» туралы.**— Лениншіл жас, 1967, 11 февраль.

1925 жылы Ташкентте шығатын «Ақ жол» газетіне қосымша ретінде «Шаншар» атты тұңғыш сатиралық журнал басылып шықты. Жаңа журналдың шығуына байланысты жазылған мақалада автор оның мазмұны мен маңызына, жанр ретіндегі теориялық сипаттарына,

қамтыған мәселелеріне тоқталады. Мақала «М» деген бүркеншік атпен «Таң» журналының 1925 жылғы май айындағы 3-номеріне басылған.

* * *

84. **Әкел достық қолыңды, бауырларым.**— Қазақ әдебиеті, 1960, 21 октябрь.

Азия, Африка халықтарымен ынтымақ жасаудың бірінші советтік конференциясында сөйлеген сөзінің негізінде жазылған мақалада советтік системадағы ұлт әдебиеті мен мәдениетінің тамаша табыстарын көрсете отырып, жазушы «Бейбітшілік пен туысқандық үшін, отаршылықтың құруы үшін, әкел достық қолыңды, Азия мен Африка елдері!» деген сөздермен аяқталады.

85. **Әуезов Мұхтардың** [Азия-Африка елдері жазушыларының Ташкент конференциясында сөйлеген] сөзі.— Қазақ әдебиеті, 1958, 10 октябрь.

Совет еліндегі ұлттық әдебиет пен мәдениеттің даму жайы және шетел әдебиеттерімен достық байланыстар.

86. **Жыл келгендей жаңалық сеземіз.**— Лениншіл жас, 1960, 28 декабрь.

Қазақтың С. М. Киров атындағы Мемлекеттік университетінде өткізілген әдебиет кешінде сөйлеген сөзінде поэзия міндеттеріне тоқтала отырып, Мұхтар қазақтың жас ақындарының шығармаларына талдау жасайды.

87. [Мұхтар Әуезовтың қазақ әдебиетінің негізгі проблемаларына арналған ғылыми-теориялық конференцияда сөйлеген қорытынды сөзі]— Кітапта: Әдеби мұра және оны зерттеу. Алматы, 1961. 347—365-б.

Қорытынды сөзде М. Әуезов конференциядағы сыншылдық, ғылымдық, жүйелік, әдеби-тарихтық мәселелер туралы айтылған пікірлерді тұжырымдап, өткеннің мұраларына, ғылымдық еңбектерге түйін боларлық байлау пікір айтады.

88. **Мұхтар Әуезовтың съезді ашардағы сөзі.**— Кітапта: «Қазақстан жазушыларының III съезі». Алматы, 1956, 3—5 б.

Қазақстан совет жазушыларының III съезін ашылды деп жариялаумен бірге М. Әуезов қазақ жазушыларының өз съезіне поэзия, проза, драматургия салаларында айтулы табыстармен келгенін атап өтеді.

89. **Қадірлі дос, Әділ.**— Қазақ әдебиеті, 1962, 28 сентябрь.

Оңтүстік Қазақстан облысы, Созақ аудандық партия комитетінің секретары Әділ Сасбұқаевқа хат.

90. **Қымбатты достар Нұртаза, Қалибек!**— Қазақ әдебиеті, 1962, 28 сентябрь.

Оңтүстік Қазақстан обл. Шаян ауданының басшы қызметкерлері Н. Исмаилов пен Қ. Манасовқа хат.

91. **Мәлік Ғабдуллинге жауап хат.**— Қазақ әдебиеті, 1955, 11 ноябрь.

Жазушы Мәлік Ғабдуллиннің қазақ поэзиясының бүгінгі жайынан пікір алысуға шақыруына жазылған жауап хатта М. Әуезов негізінен екі мәселеге тоқталады. Олар: қазақ поэзиясындағы ұлттық характер мен поэзияға кірген жаңалық және оның барысы жөнінде. Осыған байланысты автор бүкіл қазақ поэзиясына, оның өсу-даму процестеріне, ерекшелігі мен болашағына, сыры мен шыңына талдау жасайды.

92. **Мұхтар Әуезовтың соңғы хаттарынан.**— Қазақ әдебиеті, 1961, 30 июнь.

М. Базарбаевқа, Е. Лизуноваға, Е. Исмаиловқа, З. Шашкинге жолданған хаттар.

А У Д А Р М А Л А Р

93. **Гоголь Н. В. Ревизор.** (Комедия).— Кітапта: Н. В. Гоголь. Шығармалары. Алматы, 1953, 7—95-б.

94. **Тренев К. Любовь Яровая.** (Пьеса).— Кітапта: Әуезов М. Таңдамалы шығармалар. 5-том, Алматы, 1956, 419—493-б.

95. **Тургенев С. И. Дворян ұясы.** (Роман). Алматы, Қазмемкөркемәдеббас, 1952. 157-б.

96. **Шекспир В. Асауға тұсау.** 5 актылы комедия.— Кітапта: Әуезов М. Таңдамалы шығармалар. 6-том, Алматы, 1956. 420—431-б.

МҰХТАР ӘУЕЗОВТЫҢ ӨМІРІ МЕН ТВОРЧЕСТВОСЫ

Жалпы материалдар

97. Жазушы М. О. Әуезовты Ленин орденімен наградтау туралы СССР Жоғарғы Советі Президиумының Указы.— Қазақ әдебиеті, 1957, 28 сентябрь.

98. СССР Министрлер Советі жанындағы әдебиет пен өнер саласындағы Лениндік сыйлықтар жөніндегі Комитет М. О. Әуезовке.—«Абай жолы» (бірінші кітабы «Абай», екінші кітабы «Абай жолы») романы үшін 1959 жылы Лениндік сыйлық берілсін деп қаулы етті.— Социалистік Қазақстан, 1959, 22 апрель.

99. ССР Одағының Министрлер Советінде. Әдебиет және өнер саласындағы 1948 жылғы үздік еңбектері үшін Мемлекеттік сыйлықтар беру туралы. Көркем проза саласындағы Бірінші дәрежелі сыйлықтар Әуезов Мұхтар Омарханұлына «Абай» романы үшін.— Социалистік Қазақстан, 1949, 12 апрель.

100. М. О. Әуезов жолдасқа Қазақ ССР-інің ғылымға еңбек сіңірген қайраткері деген құрметті атақ беру туралы Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының Указы.— Қазақ әдебиеті, 1957, 28 сентябрь.

101. Қазақстан жазушылар Одағында.— Қазақ әдебиеті, 1967. 10 февраль.

М. Әуезовтың туғанына 70 жыл толу юбилейін өткізу туралы.

* * *

102. М. О. Әуезовке. Алпыс жылдығына арналған мақалалар жинағы. Алматы, Қаз. ССР Ғылым акадбас., 1949. 265 б.

М а з м ұ н ы: Жазушы Мұхтар Омарханұлы Әуезовты Ленин орденімен наградтау туралы СССР Жоғарғы Советі Президиумының Указы. Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының М. О. Әуезов жолдасқа Қазақ ССР ғылымының еңбек сіңірген қайраткері деген құрметті атақ беру туралы Указы. Қазақстан КП Орталық Комитеті, Қазақ ССР Министрлер Советі, Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының құттықтауы. «Правда» газеті редакциялық коллегиясының құттықтауы. Қазақ ССР Ғылым академиясы Президиумының құттықтауы. СССР Жазушылар Одағы басқармасы мен Москва жазушыларының құттықтауы. Қазақстан жазушылар Одағы Президиумының құттықтауы. Ғ. Мүсірепов жолдастың мерекелі мәжілісті ашқандағы сөйлеген сөзі. С. Мұқанов. Көрнекті жазушы. Құттықтау телеграммалар.

М а қ а л а л а р: Қ. И. Сәтбаев. Қазақ совет әдебиетінің көрнекті шығармасы. Ғ. Мүсірепов. «Абай» романы туралы. С. Бәйішев. Дарынды ғалым. В. Иванов. Ән туралы роман. І. Кеңесбаев. Қазақ әдеби тілінің совет кезіндегі дамуы. Ә. Х. Марғұлан. Қазақ халқының көне заманындағы ақындық өнерінің шеберлері. Н. С. Смирнова. Феодал-ру басшыларының қазақтың ауыз әдебиетіне ықпалын жүргізу жайында. С. Е. Толыбеков. Қазақ халқының революцияға дейінгі поэтикалық ауызша шығармаларының кейбір ерекшеліктері туралы. М. С. Сильченко. Абай мұраларын бастыру және зерттеу туралы. Б. Шалабаев. Абайдың нақыл сөздері және қазақ әдебиетінде поэманың тууы. Е. Исмаилов. Абайды зерттеу жайында. М. Хасенов. Шығарма және халық өмірі. Ы. Дүйсенбаев қазақ совет драматургиясының өсу-өркендеу жолдары (1935—1941). З. Ахметов. Қазақ өмірінің ритмикасы. Ш. Ш. Сарыбаев. Қазақ тілі лексикасының совет дәуірінде дамуы. Б. Г. Ерзакович. Қазақ эпосының музыкадағы бейнесі.

103. **Мұхтар Әуезовтың мерекесі.**— Қазақ әдебиеті, 1957, 3 октябрь.

Жазушының 60 жасқа толу мерекесін бүкіл қазақ әдебиетінің, совет жазушыларының тойы ретінде тойлау.

* * *

104. **М. Әуезов.**— Кітапта: Қазақ совет әдебиеті тарихының очеркі. Алматы, 1958, 280—332-б.

Өмірі мен творчествосы.

105. **Бәйішев С.** Дарынды ғалым.— Қазақ әдебиеті, 1957, 4 октябрь.

Қазақ әдебиет тану ғылымының келелі мәселелерін зерттеп, оның дамуына елеулі үлес қосқан ғалым жолы баяндалады.

106. **Жанпейісов Е.** Абай мен М. Әуезов тіліндегі ортақ өрнектер.— Жұлдыз, 1964, № 2, 142—148-б.

Абай мен Мұхтар тіліндегі стильдік кейбір ортақ ұқсастықтар, қазақтың бүгінгі көркемсөз тігісінің арқау жібіндей айқын тұратын Мұхтар стилі, тіл бояуы, сөз бедері жайлы зерттеулер.

107. **Жармағамбетов Қ.** Үлкен жазушы.— Қазақстан әйелдері, 1957, № 9, 10—12-б.

Жазушының 60 жасқа толуына байланысты жазылған мақалада оның творчествосына шолу жасалып, қазақ совет әдебиетіндегі алатын орны көрсетілген.

108. **Исмаилов Е.** Көрнекті ғалым.— Социалистік Қазақстан, 1957, 28 сентябрь; Лениншіл жас, 1957, 28 сентябрь.

Мақалада автор М. Әуезовты қазақ әдебиетін зерттеуші ірі ғалым ретінде бағалап, ғылыми еңбектеріне шолу жасайды.

109. **Кенжебаев Б.** Ірі тұлға.— Кітапта: Кенжебаев Б. Шындық және шеберлік. Алматы, 1966. 93—98-б.

М. Әуезовтың өмірі мен творчествосына шолу.

110. **Қаратаев М.** Жомарт дарын.— Кітапта: Қаратаев М. Туған әдебиет туралы ойлар. Алматы, 1958. 301—320-б.

Мұхтар Әуезовтың алпыс жасқа толып, қырық жыл бойы қазақ әдебиетінің іргесін қаласқан еңбегін бүкіл еліміз болып тойлап өтуге байланысты жазылған мақалада сыншы оның қазақ әдебиетіндегі құрметті орнын көрсетеді. Сан-салалы творчествосына баға бере баяндап, жазушының өсу, қалыптасу, кемеліне келу шақтарын, бүкіл дүниежүзілік классикалық әдебиет өріне көтерілу кезеңін баян етеді.

111. **Лизунова Е., Дүйсенбаев Ы.** Талант сапары. (Мақала)— Жұлдыз, 1957, № 9, 83—90 б.

М. Әуезовтың өмірі мен творчествосына шолу.

112. **Мұқанов С.** Жазушы жолы.— Социалистік Қазақстан, 1957, 28 сентябрь.

Мақала М. Әуезовтың 60 жасқа толуына байланысты

жазылған. Мұнда автор жазушының творчестволық өмір жолына терең тоқталып, талдау жасайды.

113. **Нұрқатов А.** Мұхтар Әуезов творчасысы. Мақалалар. Алматы, «Жазушы», 1965, 400 б.

А. Нұрқатовтың бұл кітабының жартысына жуығын қамтыған алғашқы алты мақала М. Әуезов сынды ұлы жазушының сан-салалы творчасысын талдауға арналған. Бұлардың бірінде үлкен суреткердің қаламалды шығармалары, екіншісінде жазушының ұлан-ғайыр эпопеясы, үшіншісінде шебер драматургтігі т. б. сөз болады.

114. **Орманов Ф.** Жазушы-ғалым.— Қазақ әдебиеті, 1955, 18 февраль.

М. Әуезовтың 1955 жылы Қазақ ССР Жоғарғы Советінің депутаттығына кандидат болып ұсынылуына байланысты оның әдеби және ғылыми еңбектеріне шолу жасалған.

115. **Сандыбаев С. М.** Әуезов шығармаларының жинағы.— Лениншіл жас, 1967, 22 январь.

1967—1970 жылдар арасында жазушының шығармаларының 12 томдық толық жинағының шығатындығын хабарлайды.

116. **Сахариев Б.** Аға жазушы, ардагер ұстаз.— Халық мұғалімі, 1957, № 9, 54—64-б.

Творчестволық жолы Ұлы Октябрьмен құрдас суреткер жазушының алғашқы әңгімелеріне, қазақ драматургиясы мен театр өнерінің негізін салған трагедия туындылары мен қазақ романдарының шырқау биігі «Абай» эпопеясы жайында әдеби шолу.

117. **Сәрсекеев М.** Дарқан дарын.— Қазақстан мұғалімі, 1962, 27 сентябрь.

Жазушының туғанына 65 жыл толуына байланысты жазылған мақалада оның драматургия, проза, ғылым мен мәдениет саласындағы өрісті де жемісті еңбектері баяндалады.

118. **Сильченко М. С., Смирнова Н. С. М.** Әуезовтың творчестволық жолы (Жазушының 60 жылдығына.) Алматы, 1957, 36-б. (Қаз. ССР Саяси және ғылыми білімдер тарату қоғамы).

Кітапшада жазушы творчасының келелі мәселелері сөз болады.

118 а. **Сыздықов Қ.** Мұхтар Әуезовтың творчестволық өмір жолы.— Қазақстан мектебі, 1966, № 12, 70—74 б.

Мақалада М. Әуезовтың 40-жылдарға дейінгі жазушылық, қоғамдық қызметі жайлы жаңа деректер, тың мағлұматтар келтіріліп, жазушының творчестволық өмірінің бастапқы кезеңі арнайы сөз болады.

119. **Шаңғытбаев Қ.** Сүйер ұлың болса, сен сүй, сүйінгерге жарар ол.— Қазақ әдебиеті, 1957, 28 сентябрь.

Көп ұлтты совет әдебиетінің ел таныған шеберлерінің бірі М. Әуезовтың туғанына 60 жыл, жазушылық еңбегіне 40 жыл, ғылыми-педагогтік қызметіне 25 жыл толуын атап өтумен бірге творчестволық жолына шолу жасалған көлемді мақала.

* * *

120. **Анов Н.** Естен кетпес қамқорлық.— Қазақ әдебиеті, 1957, 28 сентябрь.

Қазақстандық орыс жазушысы Николай Анов ұлы жазушының өз творчествосына тигізген игі әсерлерін сүйсіне баяндайды.

121. **Книпович Е.** Асыл азамат.— Қазақ әдебиеті, 1962, 29 июнь.

Қайтыс болғанына бір жыл толуына байланысты жазылған мақалада автор М. Әуезовтың Лениндік сыйлықтар жөніндегі комитет жұмысына қатысын, халықтар әдебиетін бағалаудағы ролін айқын баяндайды.

122. **Молдаханов Ә.** Әдеби мұра қамқоры.— Жұлдыз, 1966, № 9, 141—142-б.

М. Әуезовтың халықтың ауыз әдебиетін жинастыру оны жазбаға түсіріп, жазушылық өнеріне пайдалану жайлары әңгімеленеді.

123. **Молдаханов Ә.** Мұхтар Әуезов — қырғыздың батырлық эпосы «Манасты» зерттеуші.— Қазақстан мектебі, 1966 № 6, 56—59 б.

Фольклорист-ғалым М. О. Әуезов дүние жүзіндегі көлемді эпос «Манасты» зерттеумен бірге оның шын иесі — өз халқының игілігіне қайтарып беру ісіне қосқан үлесі баяндалады.

124. **Құдайбергенов Қ.** Шоқан, Мұхтар және «Манас».— Қазақ әдебиеті, 1967, 13 январь.

Қырғыз ССР Ғылым академиясы тіл және әдебиет институтының аға ғылыми қызметкері Қ. Құдайбергенов өзінің бұл мақаласында қырғыздың «Манас» эпосының Шоқан мен Мұхтар тұрғысынан зерттелу жайын баян-

дайды. Егер Ш. Уәлиханов «Манасты» бірінші рет қағаз бетіне түсіріп, мазмұнын айқындаса, М. Әуезов өзінің «Қырғыздың қаһармандық эпосы «Манас» атты монографиясында оны терең зерттеп, дүние жүзілік маңызы бар шығарма екенін тұңғыш рет дәлелдеді» — дейді автор.

125. Сұлтанов Т. Мұхтар Әуезов және өзбек әдебиеті. — Қазақ әдебиеті, 1965, 2 апрель.

Туысқан екі халық арасындағы әдеби достық байланысты баяндай отырып, автор сол халықтар әдебиетінің зерттелу ісінде М. Әуезовтың алатын орнын көрсетеді. «М. Әуезовтың бұл саладағы жұмысының ерекшелігі — ол туысқан халықтар әдебиетін жеке-жеке алып қарамай, бірі мен бірін салыстыра отырып, тұтас зерттейді» дейді ол.

* * *

126. Бөжеев М. «Еңлік-Кебектің» нұсқалары туралы. — Жұлдыз, 1965, № 6, 154—157 б.

Қазақ халқының эпостық дастанының түрлі нұсқалары жайынан мәлімет бере келіп, автор Әуезовтың «Еңлік-Кебек» трагедиясына, оның алғашқы түрі мен кейінгі түріне талдау жасайды.

127. Исмаилов Е. Абай образы. — Қітапта: Исмаилов Е. Жаңа белеске. Алматы, 1962. 257—270 б.

М. Әуезов пен Л. Соболевтің «Абай» трагедиясына талдау жасай отырып, автор тарихи пьесадағы тарихи шындықтың айқын көрінісін ашып көрсетеді. Абай образына тоқтала келіп, ол «Пьесада Абай ақын ғана емес, күрескер, өз халқының тағдыры мен келешегі жолында барлық ақыл-ой, қуат-жігерін сарп еткен ел қамқоры» — деп көрсетеді.

128. Қаратаев М. Мұхтардың «Тартысы» және кейбір мәселелер. — Қітапта: Қаратаев М. Туған әдебиет туралы ойлар. Алматы, 1958. 77—94 б.

«Тартыс» пьесасының мазмұны мен маңызы жайлы талдау.

129. Нұрғалиев Р. М. Әуезовтың аяқталмаған фантастикалық пьесасы. — Лениншіл жас, 1965, 15 октябрь.

Жазушы архивінен табылған «2010 жылда» деген пьесасы туралы.

130. Нұрқатов А. М. Әуезовтың пьесалары. — Жұлдыз, 1957, № 9, 97—106 б.

Жазушының пьеса жазудағы шеберлігі туралы айтылып, «Еңлік-Кебек», «Түнгі сарын», «Тас түлек» т. б. көптеген пьесаларына шолу жасалған.

131. **Ордалиев С.** Трагедия жанрының туа бастауы, Мұхтар Әуезов.— Кітапта: Ордалиев С. Қазақ драматургиясының очеркі. Алматы, 1964. 26—43, 109—136-б.

Талантты драматург М. Әуезовтың 20-сыншы жылдардың бас кезінде қазақтың реалистік драматургиясының негізін қалаған, сүйтіп ұлттық театр өнерінің қалыптасып дамуына ат салысқан «Еңлік-Кебек», «Бәйбіше-тоқал», «Қаракөз» трагедиясынан бастап осы жанрдағы кейінгі ірі еңбектеріне талдау жасалған.

132. **Тоқпанов А.** Өрісі кең драматург. (Мақала).— Социалистік Қазақстан, 1957, 28 сентябрь.

20-дан аса төл пьеса жазып, 10-ға жуық орыс, Батыс Европа драматургиясының үлгілерін қазақшаға аударған драматург Әуезовтың қазақ театр өнеріне қосқан зор үлесін айта келіп, автор-режиссер, оның «Түнгі сарын», «Сын сағатта» және «Абай» трагедиясына қысқаша шолу жасайды.

* * *

133. **Әбілқайырова С. М.** Әуезов әңгімелері туралы бірер сөз.— Жұлдыз, 1963, № 6, 152—154-б.

Бұл мақалада жазушының «Қараш-Қараш» атты кітабына енген әңгімелерге қысқаша шолу жасалып, бұл әңгімелерінде Мұхтардың жиырмасыншы жылдардағы қазақ даласының өмір тіршілігін шебер суреттегендігі айтылады.

134. **Кеңбейілов М. М.** Әуезовтың очерктері.— Қазақ әдебиеті, 1960, 16 сентябрь.

Жазушының «Индия очерктері», «Түркстан солай туған», т. б. очерктері туралы және оның очерк жазудағы шеберлігі айтылған.

135. **Нұрғалимов Р. М.** Әуезовтың белгісіз романы «Тұман айығарда».— Лениншіл жас, 1966, 25 сентябрь.

Әдеби жұртшылыққа, қалың оқушы қауымға белгісіз болып келген роман жайында хабарлау ретінде жазылған кіріспе мақалада ол туралы біраз мәліметтер береді. Роман эскизі жазушының өз архивінен табылған. Шамамен 1932—1934 жылдары жазылған бұл шығарма өзегіне конфискация алдындағы қазақ ауылындағы тап

тартысы, жаңа шыққан интеллигенция тағдыры мәселелері алынған.

136. **Сатыбалдиев Ә.** Әуезовтың тұңғыш аудармасы.— Қазақ әдебиеті; 1964, 26 июнь.

Л. Н. Толстойдың «Будда» деген әңгімесін Әуезовтың аударғандығы туралы айтылады.

«АБАЙ ЖОЛЫ» ЭПОПЕЯСЫ ТУРАЛЫ

137. **Қазақтың тұңғыш эпопеясы.** Алматы, Қазмемкөркемәдеббас, 1957, 179 б.

М. Әуезовтың «Абай» және «Абай жолы» романдары туралы 1957 жылы март айында болған творчестволық конференцияның материалдары.

М а з м ұ н ы: Қаратаев М.— Қазақтың тұңғыш эпопеясы. Нұрқатов А.— Абай және оның дәуірі эпопеяда. Құттыбаев Қ.— Эпопеядағы халық өкілдерінің образы.— Нұртазин Т. «Абай», «Абай жолы» романдарындағы Құнанбай мен Құнанбай типтестер. Ахметов З.— Мұхтар Әуезовтың «Абай» эпопеясындағы әйел образдары. Шашкин З.— «Абай романының көркемдік ерекшеліктері, Мұсабаев Ғ.— Қазақ әдебиет тілін дамытқан эпопея. Қабдолов З.— Бір-екі пікір.

138. **Амандосов Т.** Достықтың тарихи тамырлары осылай жырланады.— Кітапта: Амандосов Т. Достық лебізі. Алматы, 1961, 17—45 бет.

Абайдың ұлы ақын, қоғам қайраткері, ойшыл болып қалыптасуына, өз дәуіріндегі әлеуметтік теңсіздіктерді түсінуіне орыстың прогрессивті өкілдерімен достасуы, үлкен әсер еткенін көрсете отырып, жазушы М. Әуезов «халықтар достығының тарихи терең тамырларын орыстың алдыңғы қатарлы адамдары мен Абай арасындағы байланыс, қарым-қатнас арқылы тұтас бейнелейді» дейді автор мақаласында.

139. **Ахтанов Т. М.** Әуезовтың «Абай» және «Абай жолы» романдары туралы.— Әдебиет және искусство, 1953, № 10, 112—122 б.

Жазушының «Абай» эпопеясына шолу.

140. **Бердібаев Р.** «Абай жолы»— Қазақ әдебиеті, 1956, 31 август.

«Абай» романының шоқтығы биік ерекшеліктеріне тоқтала отырып, «Абай жолы» романының 1, 2-кітаптарына шолу жасайды.

141. **Исмаилов Е.** «Абай» және роман туралы.— Кітапта: Исмаилов Е. Сын мен шығарма. Алматы, 1960. 297—327 б.

1944 жылы 11 май күні Алматы қаласындағы жазушылар мен ғалымдар жиналысында жасаған баяндамасында сыншы Е. Исмаилов «Абай» романына және жалпы қазақ әдебиетіндегі роман туралы толғағы жетіп жүрген түйінді пікірлерге тоқталады. Баяндама «Әдебиеттің дамуы жолында романның маңызы», «Абай» романы XIX ғасырдағы қазақ тарихының айнасы ма?», «Құнанбай мен Абай» «романның көркемдік ерекшелігі туралы» деген бөлімдерден құралып, күрделі зерттеу пікірлер айтылған.

142. **Исмаилов Е.** Халық өмірінің энциклопедиясы.— Кітапта; Исмаилов Е. Сын мен шығарма. Алматы, 1960, 320—341-б.

Төрт томдық «Абай жолы» романына және оның қазақ көркем әдебиетінің творчестволық даму жолындағы жаңа дәуіріне талдау жасап, жан-жақты пікірлер айтады.

143. **Кенжебаев Б.** «Абай», «Абай жолы».— Кітапта: Кенжебаев Б. Шындық және шеберлік. Алматы, 1966. 99—108 б.

Қазақ әдебиеті тарихындағы тұңғыш эпопея туралы талдау жасап, пікірлер айтады.

144. **Күлтелеев Т.** «Абай» романындағы қазақтың әдет-ғұрып заңдары.— Әдебиет және искусство, 1950, № 12, 66—71 б.

Мақалада автор романның қазақ халқының праволық өмірі жайынан беретін мәліметтерін жеке-жеке ашып көрсетеді. Мұнда жерді пайдалану және жер дауларын шешу тәртібі, рулық кек пен барымта, жала және домалақ арыз, парақорлық, мал ұрлау, кейбір әдет-ғұрып заңдары шарттарының өзгеруі, Абайдың мемлекеттік праволық көзқарастары деген бөлімдер бар.

145. **Қаратаев М.** Әлемге әйгілі эпопея.— Кітапта: Қаратаев М. Шеберлік шыңына. Алматы, 1963, 193—209 б.

«Төрт томдық «Абай жолы» романының Лениндік сыйлыққа ие болуына байланысты жазылған мақалада оның одақ көлемінде ғана емес, бүкіл әлемге аты шығып, дүние жүзі халықтарының сүйіспеншілігіне бөленгені әңгіме болады.

146. **Нағыметов А.** «Абай жолы» романының композициялық шеберлігі туралы.— Қазақстан мектебі, 1961, № 11, 56—61 б.

Шығарма композициясын шебер құрудағы негізгі міндеттердің бірі — өмірдің мол да күрделі материалын, геройлар тағдырын және олардың өмір қайшылықтарын бытыратпай, ыдыратпай, бөлінбес бір тұтастыққа ұйымдастыра, байланыстыра білу деп байымдаумен бірге автор «Абай жолы» романының бөлімдерін байланыстырып тұрған қоғамдық-психологиялық конфликт туралы жазады.

147. **Нағыметов А.** Әуезовтың портрет жасау шеберлігі.— Қазақстан мектебі, 1962, № 6, 88—94 б.

«Абай жолы» роман-эпопеясы бойынша жазған әдеби-зерттеу мақаласында автор М. Әуезовтың кейіпкер портретін жасаудағы ерекшелігін, портрет детальдарын, элементтерін кейіпкердің көңіл күйіне сәйкес, әрекетіне қарай романның өн бойына тарта қимыл-қозғалыстарымен қоса суреттейтінін көрсетеді.

148—149. **Нұрқатов А.** Ақын туралы эпопея.— Әдебиет және искусство, 1956, № 11, 94—107 б.

«Абай» романдары жайында зерттеулер мен пікірлер.

150. **Нұрқатов А.** Ел өмірінің айнасы.— Кітапта: Нұрқатов А. Мұхтар Әуезов творчествосы. Алматы, 1965. 18—146 б.

Қазақ әдебиетіндегі әлеуметтік тынысы кең, өрісі биік нағыз үлкен тұлғалы шығарма. «Абай» эпопеясының әр томын жеке-жеке зерттеп, әрқайсысы туралы келелі пікір айтады.

151. **Нұрқатов А.** Қазақтың тұңғыш эпопеясы.— Лениншіл жас, 1957, 28 сентябрь.

Эпопеяның төрт кітабына жеке-жеке талдау жасап, келелі пікірлер айтады.

152. **Нұрқатов А.** Шындық және шеберлік.— Әдебиет және искусство, 1955, № 6, 101—113 б.

Мақалада төрт томдық эпопеяның жеке кітаптарына шолу жасалып, мазмұны ашылады. «Абай» романы бүкіл қазақ совет прозасының социалистік реализм әдісін игеру жолындағы, кемелденген нағыз реалистік үлкен проза жасаудағы елеулі жеңісі— дейді автор.

154. **Нұрмаханов Қ.** Абай образы көркем әдебиетте.— Социалистік Қазақстан, 1954, 31 август.

Мақала Абайдың қайтыс болуының 50 жылдығын

атап өту қарсаңында жазылған. Мұнда қазақ әдебиетіндегі Абай бейнесін әңгімелей отырып, автор негізінен М. Әуезов творчествосына, оның «Абай» романдарына тоқталады.

155. Нұртазин Т. «Абай» және «Абай жолы» романдарындағы үстем тап өкілдері.— Халық мұғалімі, 1957, № 8, 61—68 б.

Мақалада сөз болған нәрсе роман-эпопеядағы Құнанбай мен Құнанбай типтестер. «Үстем тап өкілдерін топ-тобымен белді кейіпкер етіп енгізу, олардың характерлерін, әрекеттерін кең реалистік өмір ағымында көрсету, олардың тарихи тенденциясын тіршілік процесінде бейнелеу — М. Әуезов романдарындағы соны жаңалық»... деп көрсетеді автор.

156. Нұртазин Т. «Абай жолы» роман-эпопея.— Қазақстан мектебі, 1962, № 9, 73—75 б.

Мақалада автор негізінен «Роман-эпопеясы» терминінің өзіне түсінік берумен қатар «Абай жолы» романдарының соған сай ерекшеліктеріне тоқталады.

157. Омаров І. Халықтық эпопея.— Кітапта: Омаров І. Әдебиет жайлы ойлар. Алматы, 1961. 49—78 б.

Әдеби-зерттеу мақала.

158. Рахымжанов Ә. «Абай жолы» — халық жолы.— Қазақ әдебиеті, 1959, 24 апрель.

Роман-эпопея туралы шолу жасалып, пікірлер айтылады.

159. Сәтпаев Қ. Үлкен талант иесі.— Қазақ әдебиеті, 1957, 28 сентябрь.

Әуезовтың 60 жасқа толуына байланысты мақалада автор оның «Абай» романын тек көркем әдебиет саласында емес, Қазақстан ғылымына қосылған үлкен, әр саладағы ғалымдардың назарын аударарлық келелі мәселелер тарихи дәлелденген ұлы шығарма деп бағалайды.

160. Шашкин З. М. Әуезовтың стиль ерекшелігі туралы бір-екі сөз.— Қазақ әдебиеті, 1956, 8 июнь.

«Абай» эпопеясындағы жазушы тілінің ерекшеліктері, бай, орамды, мағыналы тіл жүйелері сөз болады.

«ӨСКЕН ӨРКЕН» РОМАНЫ ТУРАЛЫ

161. Бердібаев Р. Жазушы мен кейіпкердің кеңесі.— Жұлдыз, 1962, № 9, 127—135 б.

«Өскен өркен» романының жазылуына байланысты

автордың Оңтүстік Қазақстан облысында болып, материалдар жинауы жайында.

162. **Дүйсенбаев Ы.** Аяқталмай қалған роман.— Жұлдыз, 1963, № 5, 118—121 б.

«Өскен өркен» романына, оның мазмұны мен маңызына талдау жасалады.

163. **Кенжебаев Б.** Замандастарымыз туралы роман.— Кітапта: Шындық және шеберлік. Алматы, 1966. 109—117-б.

«Өскен өркен» романы туралы пікірлер.

164. **Нұрғалимов Р.** Қазіргі роман және М. Әуезовтың «Өскен өркені».— Кітапта: Тіл және әдебиет мәселелері. Алматы, 1965. 152—160 б.

«Өскен өркен» бүгінгі күнді шындықпен бейнелеумен қоса құлашы кең қоғам қайраткерінің образын жасап, шадыман тірлігіміздің мол тынысын көрсетті. Бұл шығарма қазақ әдебиетіндегі жаңа бір қайнарлардың басы»— деген пікір айтып, автор романға талдау жасайды.

165. **Нұрқатов А.** Суреткер шыншылдығы.— Кітапта: Нұрқатов А. Мұхтар Әуезов творчествосы. Алматы, 1965, 146—154-б.

«Өскен өркен»— жазушының аяқталмай қалған романы. Бұл «біздің заманымыздың, яғни алпысыншы жылдар адамының бейнесін, оның өсу белестеріндегі өнегесін, ұрпақтан-ұрпаққа ұласар үлгісін көрсететін, коммунистік мұраттар жолындағы күрескерлердің бейнелерін мүсіндейтін роман» деп көрсетеді автор.

ЕСТЕЛІКТЕР

166. **Әуезов А.** Бала Мұхтар. (М. О. Әуезовтың балалық шағы). Алматы, «Жазушы», 1967. 49 б.

Жазушының ағасы Ахмет Әуезов бұл кітабында Мұхтардың балалық шағы мен семинарияда оқып жүрген кезіндегі өмірін қамтыған.

167. **Дүйсенбаев Ы.** Нұрлы жүрек.— Жұлдыз, 1966, № 6, 132—137 б.

М. Әуезовтың қайтыс болғанына бес жыл толуына байланысты жазушы өмірінің эпизодтарынан естелік.

168. **Ерғалиев Х.** Кемеңгер жанның кескіні көз алдымызда.— Жұлдыз, 1962, № 9, 136—141 б.

Қазақ совет әдебиетінің көрнекті ақыны Хамит Ерғалиевтің естелігі.

169. **Кедрина З.** Бәрі де менің есімде.— Қазақ әдебиеті, 1962, 29 июнь.

Әуезовтың қайтыс болғанына бір жыл толуына байланысты жазушы туралы естелік.

170. **Қуанышбаев Қ.** Ақылшы еді, аға еді...— Қазақ әдебиеті, 1962, 29 июнь.

СССР халық артисі Қалибек Қуанышбаевтың естелігі.

171. **Омаров Ә.** Асыл арман.— Лениншіл жас, 1965, 1 декабрь.

М. Әуезовтың қайтыс болғанына байланысты жазылған журналист естелігі жазушының Оңтүстік сапарларын, жүздесу, кездесу, бірге жүру, әңгіме айтысып, пікір алысу сәттерін баян етеді.

172. **Сармурзин Ғ.** Ардагер аға.— Жұлдыз, 1964, № 8, 133—141 б.

Мұхтар өмірінен, оның балалық шағы, өзінің алғашқы драматургиялық еңбегін жазу және оны халыққа көрсету сәттерінен, педагог-ғалым кездерінен естеліктер.

173. **Тәжібаев Ә.** Ол ұстаз еді.— Қазақ әдебиеті, 1962, 28 сентябрь.

Қазақтың көрнекті ақыны Әбділда Тәжібаевтың естелігі.

174. **Тихонов Н.** Аяулы дос.— Қазақ әдебиеті, 1962, 29 июнь.

Қайтыс болғанына бір жыл толуына байланысты Мұхтар бейнесін еске алған.

175—176. **Шамкин К.** Туған жерде болғанда.— Қазақ әдебиеті, 1962, 28 сентябрь.

1935, 1940, 1943 және 1957 жылдары жазушы өзінің туған жері Семей облысы, Абай ауданында болып, түрлі кездесулерге қатысқаны, соңғы жолы онда жазушының 60 жасқа толу мерекесі тойланғаны айтылған.

М. ӘУЕЗОВ ЖӘНЕ ТЕАТР

177. **Қуандықов Қ. М.** Әуезов және қазақ театры.— Жұлдыз, 1962, № 7, 132—139 б.

М. Әуезовтың театрмен творчестволық байланысы ірі үш салада дамыды деп көрсетеді автор. Бірінші мол арна — драматургиясы, екінші арна — театр өнері жайын-

да айтқан пікірлері, эстетикалық көзқарасы, үшінші арна — аудармалары және аударма пьесаларды қазақ сахнасына шығару мақсаты. Автордың бұл мақаласы М. Әуезовтың ұлт өнері жайында айтқан пікірлеріне яғни соңғы екі мәселеге арналып, қазақ театрының өсуі жолындағы жазушының ролін көрсеткен.

178. **Қуанышбаев Қ.** Айдын шалқар көлдейсің.— Қазақ әдебиеті, 1957, 28 сентябрь.

М. Әуезовтың қазақ өнерінің қарашаңырағы — академиялық драма театрының алғашқы шымылдығын ашуына және одан әрі ұлт өнері ретінде дамуына тікелей қатысы жайында.

179. **Тоқпанов А.** Ақылшы режиссер.— Лениншіл жас, 1957, 28 сентябрь.

«Абай» трагедиясын сахнаға тұңғыш әзірлеген режиссер Асқар Тоқпановтың спектакльді әзірлеу кезінде М. Әуезовтың қалтқысыз көмек көрсетіп, режиссерге де, актерге де өз ойын түсіндіріп, өрелі еңбектің халыққа өкінішсіз жетуіне үлес қосқаны, үздіксіз ақыл-кеңестер беріп, пікір айтқаны, сол арқылы ұлы жазушының театрға деген ыстық ықласын білдіргенін баяндайды.

180. **Ысмағұлова Г.** Ұлылықтың бір қыры.— Жұлдыз, 1966, № 9, 134—140 б.

«Өскен өркен» романының жазылуына байланысты Оңтүстік сапарында жүрген жазушының облыстық театрдағы «Қаракөз», Шаян халық театрындағы «Еңлік-Кебек» пьесаларының қойылуына көңіл бөліп, театр өміріне өзгеше үлес қосқан шақтары жайынан естелік.

* * *

181. **Бисенова Ғ.** «Абай» операсы.— Қазақ әдебиеті, 1958, 20 июнь.

А. Жұбанов пен Л. Хамидидің М. Әуезов либреттосы бойынша жазған «Абай» операсының Қазақтың Академиялық опера және балет театрында қойылуы туралы.

182. **Гольдблат М. И.** Творчество қуанышы.— Қазақ әдебиеті, 1957, 22 март.

Қазақтың Академиялық драма театрының бас режиссері өзінің бұл мақаласында «Еңлік-Кебек» спектаклінің қойылуы туралы пікірлер айтады.

183. **Ерғалиев Х.** Кең тынысты дастан, мерейі үстем сахна.— Жұлдыз, 1957, № 4, 118—121 б.

«Еңлік-Кебек» Қазақтың Академиялық драма театрының сахнасында.

184. **Жұманбаев Б.** Шындалған шығарма.— Лениншіл жас, 1958, 27 апрель.

Әуезовтың «Абай» либреттосы бойынша жазылған опера Қазақтың Академиялық опера және балет театрының сахнасында.

185. **Жүнісов С.** 500 рет күлдірген комедия.— Қазақ әдебиеті, 1964, 24 январь.

В. Шекспирдің М. Әуезов аударған «Асауға тұсау» комедиясының Қазақтың Академиялық драма театрында қойылуы туралы.

186. **Қирабаев С.** Сәтті спектакль.— Социалистік Қазақстан, 1960, 26 июнь.

«Айман-Шолпан» Қазақтың М. Әуезов атындағы Академиялық драма театрының сахнасында.

187. **Қуандықов Қ.** Режиссерлік шешім — Қазақ әдебиеті, 1964, 12 июнь.

«Қаракөз» трагедиясын режиссер Мен-Донуктың Қызылорда театрында қою мен режиссер А. Мадиевскийдің Қазақтың Мемлекеттік Академиялық драма театрында қоюын салыстыра отырып, талдау жасайды. Автор ойының сахнада көрінуі жайынан пікірлер айтылады.

188. **Құндақбаев Б.** Спектакль және режиссерлік шешім.— Социалистік Қазақстан, 1967, 14 май.

«Қарақыпшақ Қобыланды» спектаклінің Қазақтың Академиялық драма театрында қойылуы туралы, режиссер Ә. Мәмбетовтың спектакльді қоюдағы ерекшеліктері туралы айтылады.

189. **Мүсірепов Ф.** «Абай»— Қарағанды қазақ драма театрының жаңа белесі.— Әдебиет және искусство, 1951, № 4, 55—58-б.

190. **Нұрғалимов Р.** Екі дерек.— Қазақ әдебиеті, 1966. 1 июль.

М. Әуезовтың «Еңлік-Кебек» және «Ел ағасы» атты драмалық пьесаларының алғаш қойылуы туралы мәліметер.

191. **Нұрғалимов Р.** «Қарақыпшақ Қобыланды». — Қазақ әдебиеті, 1967, 5 май.

«Қобыланды батыр» эпосының негізінде жазылған М. Әуезов пьесасы Қазақтың Академиялық драма театрының сахнасында.

192. **Нұрғалимов Р.** Қаһармандық жыры.— Лениншіл жас, 1965, 16 май.

«Намыс гвардиясы» спектаклінің Қазақтың Академиялық драма театрында қойылуы туралы.

193. **Сандыбаев С.** «Қарақыпшақ Қобыланды».— Лениншіл жас, 1967, 27 апрель.

Спектакльдің Қазақтың М. Әуезов атындағы Мемлекеттік Академиялық драма театрында қойылуы жайынан.

194. **Сұр заман құрбандары** Еңлік-Кебек нұр заманда қайта туды.— Қазақ әдебиеті, 1957, 22 март.

«Еңлік-Кебек» пьесасының қайта қаралып, тыңайып, Қазақтың Академиялық драма театрының сахнасына қайта шығуына арналған бетте пьесаның қойылуы туралы көптеген мақалалар бар.

195. **Тәжібаев Ә.** Жасарған пьеса, жаңарған спектакль.— Кітапта Тәжібаев Ә. Өмір және поэзия. Алматы: 1960. 470—478 б.

«Еңлік-Кебек» пьесасының Қазақтың Академиялық драма театрында қойылуы туралы.

ТУЫСҚАН РЕСПУБЛИКАЛАР ЖӘНЕ ШЕТ ЕЛДЕР ЖАЗУШЫЛАРЫ М. ӘУЕЗОВ ТУРАЛЫ

196. **Вынту В.** Революция және Әуезов Мұхтардың өмірбаяны.— Қазақ әдебиеті, 1958, 24 январь.

Румын журналисі Виктор Вынту 1957 жылы август айында Москвада жазушымен бірге болып, әңгімелескен. Жазушы туралы әсерлері мен пікірлері 1957 жылдың 18 октябрінде Бухарестің «Контемпоранаул» газетінде басылған.

197. **Зенюк Ю.** Андре Стиль қазақ өмірінің энциклопедисі туралы.— Лениншіл жас, 1961, 11 октябрь.

Әуезовтың «Қараш-Қараш» атты шығармасының француз тіліне аударылуына байланысты әйгілі жазушы Андре Стиль оған зор назар аударып, өзінің «Юманите» газетінің соңғы номерлерінде жарияланған «Кітаптар мен өмір» деген кезекті, көлемді шолуының біраз бөлегін соған арнағанын және шығармаға аса жоғары баға бергенін баяндайды.

